



### ҚАЗАҚСТАНДА ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ БЕКІТІЛДІ



**ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысында ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарын айқындау мәселесі қаралды.**

Отырысты ашқан Үкімет басшысы күні кеше ғана Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы 2023 жылға арналған Жаһандық инновациялық индексті жарияланғанын атап өтті. Ол ғылымға, білім беру жүйесіне және инфрақұрылымға қатысты 80-ге жуық көрсеткішті қамтиды.

«Қазақстан Үндістан мен Ираннан кейін Орталық және Оңтүстік Азия аймағы бойынша үздік 3 инновациялық экономиканың қатарына енді. Цифрлық даму, Ғылым және жоғары білім министрліктері еліміздің халықаралық аренадағы

позицияларын жақсарту үшін ғалымдарға қажетті жағдай жасау және инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын жалғастыруы керек», — деді Әлихан Смайылов.

Ведомство басшысы Саясат Нұрбек халықаралық тәжірибені, атап айтқанда, Еуропалық Одақ елдері, Канада, Австралия, Малайзия, Испания және басқа да мемлекеттерді, сондай-ақ Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында және басқа да бағдарламалық құжаттарда белгіленген стратегиялық міндеттерді ескере отырып, алдағы жылдарға арналған ғылымды дамытудың алты басым бағыты әзірленгенін айтты. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты жеке қарастырылатын болады.

Бұл тізімге «Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану», «Энергия, озық материалдар

және көлік», «Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар», «Елдің зияткерлік әлеуеті», «Өмір және денсаулық туралы ғылым» және «Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту» бағыттары енді. Өз кезегінде, бағыттардың әрқайсысы 8-ден 18-ге дейінгі бөліктерден тұрады.

Жалпы, белгіленген басымдықтар шеңберінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, топырақ сапасын сақтау, энергетикалық қауіпсіздікті (соның ішінде жылу энергиясын) қамтамасыз ету, парниктік газдар шығарындыларын азайту және жаңартылатын көздерді дамыту мәселелеріне назар аударылады.

Сонымен қатар құрылыс, машина жасау, өнеркәсіп, көлік технологиялары, робототехника, жасанды интеллект, жаңа материалдар жасау, телекоммуникация, медицина, фармацевтика, мал шаруашылығы, егіншілік, ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын өңдеу және сақтау, тамақ өнімдерін өндіру және т.б. салаларында зерттеулерді қолдау жоспарланып отыр. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер де қарастырылған.

Талқылау және дауыс беру нәтижелері бойынша Жоғары ғылыми-техникалық комиссия аталған тәсілдерді мақұлдады.

Сонымен қатар жиында 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттар бойынша қаржыландыру көлемін бөлу және ғылыми-техникалық міндеттерді жүзеге асыру мәселелері қаралды.

primeminister.kz

### ҮКІМЕТТЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТӘСІЛДЕРІ ҚАРАЛДЫ



**ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.**

Үкіметтің экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі – бизнеспен сындарлы диалог орната отырып, қолайлы бизнес-климатты құру.

Елдегі бизнес-климатты жақсарту мақсатында кәсіпкерлікті дамыту бойынша бірқатар ұсыныс қаралды.

Атап айтқанда, бұл – бизнесті мемлекеттік орандардың банк операцияларын тоқтату және мүлікке иелік етуді шектеу түріндегі негізсіз араласуынан қорғау шаралары.

Сондай-ақ креативті экономика саласында жастар кәсіпкерлігін қолдау, ауылдық жерлердегі бизнестің кадрлық әлеуетін күшейту, салық жүктемесін азайту және т.б. тәсілдер қарастырылды.

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау үшін субсидиялау жүйесін қайта қарау шаралары қаралды.

Кеңес қорытындысы бойынша Ерұлан Жамаубаев Ұлттық экономика министрлігіне мүдделі мемлекеттік орандармен және «Атамекен» ҰКП-пен бірлесіп, кәсіпкерлікті дамыту шараларын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.

primeminister.kz

### ЕАЭО-ДА ЖЕКЕ ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН ТАУАРЛАРДЫ БАЖСЫЗ ӘКЕЛУ МҮМКІНДІГІ ҰЗАРТЫЛДЫ



**Мәскеуде 2023 жылғы 26-27 қыркүйек аралығында өткен ЕЭК кеңесінің отырысында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер үшін бірқатар маңызды шешім қабылданды.**

Қазақстандық делегацияны Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин басқарды. Отырыста ЕАЭО-ға мүше елдер қазақстандық тараптың бастамасымен тағы екі ұсынысты қолдап, қабылдады. Бірінші мәселе – ЕАЭО бойынша әріптес елдердің мемлекеттік сатып алуларына бизнестің қатысуы үшін қолжетімді тауарлар мен қызметтердің тізімін одан әрі кеңейту. Қазақстан бұл жұмысты кезек-кезеңмен жүргізіп келеді. Өткен отырыста сатып алуға қатысуға болатын тізбеге ауыр машина жасау және өлшеу құралдары салалары енгізілді. Арнайы, ауыр машина жасау, химия және мұнай-газ өнеркәсібі, өлшеу құралдары салаларында 7 тауар позиция-

сы бойынша шарттар, өндірістік және технологиялық операциялар белгіленді.

Екінші ұсыныс дәрілік заттарды сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға қатысты. 2025 жылға қарай дәрілік препараттардың бірыңғай нарығын қалыптастыру үшін қажетті құжат 2021 жылдан бастап талқыланып келеді. Қазақстандық тараптың ұсыныстары өз аумақтарында таңбалау жасаған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің дәрілік препараттарды сәйкестендіру құралдарын өзара тану шарттарына қатысты болды. Осы нормалар әлі қабылданбаған елдер экспорт кезінде өз препараттарын тауарлар жеткізілетін мемлекеттің заңнамасына сәйкес таңбалайтын болады.

Жеке тұлғалар мен онлайн сандық таңдайындарға маңызды шешімдердің ішінде 2024 жылғы 1 сәуірге дейін ЕАЭО кедендік аумағына жеткізілетін жеке

пайдалануға арналған тауарлардың, яғни заттардың €1000 мөлшеріндегі шекті құны ұзартылды. Бұл уақытша шара онлайн-сауданы қолдауды қамтамасыз етуге және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер азаматтарының импорттық тауарларға деген сұранысын қанағаттандыруға арналған.

ЕЭК кеңесі Ауа райы болжамы және метеорология салаларындағы қызметтер секторы бойынша әкімшілік ынтымақтастық туралы келісімнің жобасын мақұлдады. Құжат қатысушы елдердің сайттарында еркін қолжетімділік қамтамасыз етілетін ақпараттың тізбесін және өзара ақпараттық іс-қимыл тәртібін айқындайды. Келісім Еуразиялық экономикалық одақ аясында ауа райы болжамы және метеорология бойынша қызметтердің бірыңғай нарығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кеден одағының ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы техникалық регламентіне өзгерістер енгізілді. Өзгерістер ет өнімдерін тұтынушыларды шатастырмау үшін тағамдық заттардың мөлшерін және рұқсат етілген ауытқуларды дұрыс көрсетуді бақылауға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Сондай-ақ кедендік, техникалық реттеу, энергетика және өзара ақпараттық іс-қимыл салаларындағы экономикалық интеграцияны дамытуға бағытталған бірқатар мәселе қаралып, қабылданды.

primeminister.kz

### АУДАН ҮШІН БҰЛ ШЫҢЫМЕН ДЕ ҮЛКЕН ОҚИҒА



**Аудан тұрғындарын үлкен оқиғамен аудан әкімі - Елдос Ахметов құттықтады.**

«Аудан үшін бұл шынмен де үлкен оқиға. Станция қызметкерлерінің қазір өз ғимараты бар. Жедел жәрдем станциясы алғашқы қажетті көмекті уақтылы көрсетуге ықпал етеді. Өз ғимаратының болуы станция қызметкерлерінің жұмыс сапасына да әсер етеді деп үміттенеміз», - дейді Елдос Тұрсынбайұлы».

Сонымен қатар, үлкен оқиғамен құттықтауға облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Арман Жансенгіров келді.

Айта кетейік, жаңа жедел жәрдем станциясында тәулігіне аға фельдшер, жүргізуші және 4 желілік жедел жәрдем бригадасы жұмыс істейтін болады. Ал нысанның жалпы ауданы 110 шаршы метрді құрайды.

ЖШ АҚПАРАТ





# ТАЛДЫҚОРҒАНДА ТІРЕК ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІ ЗАҚЫМДАНҒАН АДАМДАРДЫ ОҢАЛТУҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ



**Жетісу облысында спорттық-оңалту орталығының ашылуы өтті. Бұл орталықта негізінен омыртқаның түрлі жарақаттарынан, инсульттан, ДЦП кезінде, I-III топтағы мүгедектерден кейін оңалту жүргізіледі. Мемлекеттік тапсырыс арқылы облыстық бюджеттен халыққа осы орталықта тегін негізде оңалту қызметтерін көрсету үшін 80 млн. теңге бөлінді. Жылына 400-ге дейін адам қабылдай алады. Талдықорған қаласында орналасқан бұл орталықта адамның қайтадан аяғына тік тұруына көмектесетін әлемнің түрлі елдерінен әкелінген заманауи жабдықтар бар, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі Жетісу.**

Маңызды әлеуметтік нысанның ашылуына облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, орталықтың басшысы әрі негізін қалауды Елдос Баялышбаевқа алғысын білдірді: «Бүгін біз Талдықорған қаласында «Асар» оңалту кешенінің ашылуына куә болып отырмыз. Бұл оңалту орталығы ерекше қажеттіліктері бар халыққа сапалы қызмет көрсетуге жәрдемдеседі деп санаймын. Баршаға кедергісіз, қолжетімді орта құру – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты және бүкіл қоғамның міндеті, бұл туралы Мемлекет басшысы үнемі айтып отырады. Биыл 162 әлеуметтік нысанды бейімдеуге 472,6 млн. теңге бөлінді. Бұл жұмыстарды қыркүйек айының соңына дейін толық аяқтаймыз. Бұдан әрі осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады, - деп атап өтті өңір басшысы, сондай-ақ осы жылы Талдықорғанда «Қамқорлық» қорымен бірлесіп аутизмді және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталық ашылғанын, қазір оның базасында 18 жастан асқан азаматтар үшін де жағдай жасау жоспарланып отырғанын айтты.

## САЯСАТТЫҢ ЖАҢА БАҒЫМЫ



**Елімізде қиын-қыстау кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын бірлікке, бейбітшілікке, ынтымаққа шақырды. Президент еліміздегі саяси жағдайға тоқтала отырып, алдағы уақытта халқымыздың әлеуметін, экономикамызды көтеруге, жұрттың әл-ауқатын жақсартуға бағыт-бағдар берді.** Мемлекет басшысы болашақ міндеттер мен одан әрі дамудың жаңа перспективаларын белгіледі. Сонымен қатар Президент бәрін қалпына келтіруді жеке жауапкершілігіне алатынын, сол арқылы жаңа міндеттер мен реформаларды іске асыруға толық дайын екенін ерекше атап өтті. Президент ел дамуының барлық негізгі бағыттары бойынша іске асырылып жатқан жобаларға сыни және кешенді талдау жасады. Біз барлық бағдарламаларды, жобаларды, тіпті бірқатар ұйымдар жұмысының орындылығын қайта қарауымыз керек. Қазіргі уақытта алдымызда тұрған өте маңызды міндеттердің бірі – еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салда-

спарда бар, қабылдайтын адам саны Алакөлдегі лагерьден көбірек болады. Алдымен жолды аяқтап, содан кейін инженерлік инфрақұрылым салуымыз қажет. Жалпы бүгінде Талдықорғанда оңалту қызметтері 300 адамға көрсетіліп отырса, соның 54-і бала. Осыған байланысты Жетісу жұртшылығының атынан оңалту орталығының басшысы Елдос Баялышбаевқа алғысымыз білдіреміз. Мен бұл орталықта болғанмын, бүгін ашылуы өткізіліп отырғанына қуаныштымын. Біз өз тарапымыздан қолдау көрсетуді жалғастырамыз. Мұнда газ тартып береміз, шамамен 1,5 ай ішінде жұмысты аяқтаймыз. Осындай орталықтар ерекше күтімге мұқтаж азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық ортаға бейімделуіне, сондай-ақ көрсетілетін оңалту қызметтерінің сапасын арттыруға ықпал ететініне сенімдімін, - деген Б. Исабаев бұдан әрі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің құттықтау жеделхатын оқып берді. Онда Е. Баялышбаевтың әлеуметтік қорғау ісіне қосқан үлесі аталып өтіліп, орталық басшысы мен ұжымының атына тілектер айтылды.

Қатысушыларды орталықтың ашылуымен Талдықорған қаласының «Ер» тірек қимыл жүйесі зақымданған мүгедектердің қоғамдық бірлестігінің төрағасы, қалалық мәслихат депутаты Роза Ақжаркенова құттықтады.

- Елдос, сенің біздің қаламызда болғаныңа мен ризамын. Бәрі неден, қалай басталғанын білеміз, және осындай жағдайға жетіп отырғаның – өзіңнің қажырлы еңбегіңнің нәтижесі. Көбісі орталыққа арбамен кіріп, еңалтудан кейін балдақпен шығады. Олдосқа қолдау көрсетіп, жобаны жүзеге асыруға көмектескендердің барлығына шын жүрекпен алғыс білдіремін, өйткені бұл жай ғана пайдалы іс қана емес, нағыз игі, ізгі іс. Дендеріңіз сау болсын, өмірді бағалаңыздар және бір-біріңізге қамқор болыңыздар, - деді Р. Ақжаркенова өз құттықтауында.

Жұбайы орталықта оңалтудан өтіп жатқан Қадир Сағадиева алғыс сөзін айтты. «Екі жарым жылдан астам уақыт бойы біз «Асар» орталығында ем алып жүрміз. Орталық бастапқыда жартылай жертелде болды, қазір жарық, жақсы ғимаратқа көшіп отыр. Күйеуімді арбамен алып келгенбіз, қазір ол баяу жүре бастады. Қызметкерлерге қамқорлықтары үшін көп рахмет. Енді жаңа орталықта физиокабинетке, процедуралық кабинетке барамыз. Кабинеттері өте жақсы жабдықталған. Елдосқа, оның отбасына, туыстары мен жақындарына денсаулық

ын қамтамасыз етумен байланысты екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта Қазақстан даму банкінің жұмыс форматын елдегі шағын және орта бизнесті дамытуға көмектесетіндей қайта қарауды ұсынды. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстан қоғамы Мемлекет басшысының шешімдері төңірегінде топтасуы қажет. Біз бірге барлық қиындықты өңсереіп, көздеген мақсатымызға қол жеткізе аламыз. Бұл орайда кәсіпкерлердің ел болашағы үшін өзіне зор жауапкершілік алуға дайындығы да аса маңызды. Кешегі лаңкестік әрекеттер салдарынан шағын және орта кәсіпкерлердің зиян шеккенін көріп отырмыз. «Күшіміз – бірлікте!» деп, мемлекет кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлер қоғамға, халыққа қызмет етсе, бұл өз кезегінде елдің әл-ауқатын арттыруға, тұрмыс деңгейін көтеруге ықпал ететініне біз көміл сенеміз. Жалпы, қорыта айтқанда, еліміздің ұстанымы ынтымақты, бейбіт өмір сүру, ауызбіршілік, қоғамда халықтың рухани үйлесімділігін сақтау маңызды. Осы тұста Мемлекет басшысы: «Халықтың бірлігі, Қазақстанның егемен дамуы мен тәуелсіздігі идеяларына деген шынайы сенім қоғамның топтасуы мен еліміздің ілгерілеуі үшін қуатты іргетас», - деп қорытындылады. Осы негіздерді баса назарға алып, ертеңіміздің еңселі болуы үшін бірлігімізден ажырамайық.

**Қ.ТАСТАНБАЕВ, Ескелді ауданының Құрметті азаматы**

# ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ҮШІНШІ КАДЕТ СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ



**Құтқарушылар күні қарсаңында Жетісу облысы Панфилов ауданы Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебінде «Жас құтқарушы» атты кадет сыныбының салтанатты ашылуы өтті.**

Салтанатты іс-шара барысында жас кадеттер ашылу құрметіне салтанатты шеру мен концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Іс-шараға Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек, Жетісу облысы ТЖД басшылығы мен қызметкерлері, ата-аналар мен мектеп ұжымы қатысты. Кадет сыныбын құрудың мақсаты табиғи және техногендік сипаттағы түрлі төтенше жағдайлар кезінде жедел дұрыс шешім қабылдау білімі мен дағдыларын дамыту, өрт қауіпсіздігі саласындағы алдын алу, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету бөлігінде жас ұрпақты

патриоттық тәрбиелеу болып табылады. Аудан әкімдігінің қолдауымен кадет 7-ші сынып оқушылары үшін құтқарушылардың үлгісі бойынша арнайы нысанды киім әзірленіп, тігілді. Жетісу облысының білім басқармасының келісімі бойынша оқушылардың осы санаттағы оқу бағдарламасына азаматтық қорғау, алғашқы әскери даярлық, осы бағыттар бойынша мамандарды, оның ішінде ТЖД қызметкерлерін тарта отырып, алғашқы дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету саласында қосымша сабақтар мен факультативтік сабақтар енгізілді. Кадет сыныбында оқу оқушылардың үлгерім деңгейіне және жалпы тәртіпке оң әсер етті. Жас кадеттер саптық дайындықпен оңай оқиды және айналысады, мектеп және ведомстволық іс-шараларға белсенді қатысады. Нәтижесінде мұндай сыныптардың танымалдығы артты, бұл оларды бүкіл аймақ бойынша құруға себеп болды. 11-сыныпты бітіргенге дейін курсанттарға кураторлық мектептің әскери басшысына жүктелген.

**ТЖД баспасөз қызметі**

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА СУ БАСУДАН ЗАРДАП ШЕККЕН ТҰРҒЫНДАР ӘКІМДІК САТЫП ӘЛПЕРГЕН ҮЙЛЕРГЕ ҚОНЫСТАНА БАСТАДЫ



**Жетісу облысы Ескелді ауданы Абай, Ешкіөлмес, Қарабұлақ ауылдарындағы қатты нәубер салдарынан аула аумақтары мен тұрғын үйлерді су басудан келген шығынды өтеуге сараптама нәтижелері мен сметалық есептердің қорытындысына сай бюджеттен 403,5 млн. теңге бөлінді. Атап айтқанда, 22 үй сатып алуға 216,8 млн. теңге, 83 үйге ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге 186,7 млн. теңге бөлінді.**

Ескелді ауданы әкімдігінің деректеріне қарағанда, жобалық-сараптамалық және сметалық ұйыммен бірлесіп су басу салдарынан келтірілген залалды бағалау жұмыстары жүргізілген. Жалпы ауданның ауылдық елді мекендерінде 105 үй, соның ішінде Абай ауылында 11, Ешкіөлмес ауылында 28, Қарабұлақ ауылында 66 үй зардап шеккені анықталды. Зардап шеккен үйлердің 22-сі бұзылады, 83-і ағымдағы және күрделі жөндеуден өтеді. «Бүгінгі күні аудан әкімдігі 7 үй сатып алды, үйлері бүлінген тұрғындар осы сатып алынған үйлерге

қоныстанып жатыр, қалған 15 үйді сатып алу рәсімдері жүргізілу үстінде. Сондай-ақ қалпына келтіру қажет деп тапқан 83 үй иелеріне төлем жасалуда. 21 қыркүйектегі мәліметке сәйкес қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін 76 үйдің иелеріне 173,1 млн. теңге төленді. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасып жатыр», - деді аудан әкімдігінен. Сонымен қатар биылғы қыркүйек айының соңына дейін жалпы ұзындығы 12,7 км болатын 7 кешеге орташа жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда Ешкіөлмес, Қарабұлақ, Бақтыбай ауылдарындағы 4 кешеді жұмыстар аяқталып, Ешкіөлмес, Қаратау, Қарабұлақ ауылдарындағы 3 кешеді жұмыстар жалғасуда. Сондай-ақ, жалпы сомасы 8,7 млн. теңгеге Абай ауылындағы Бақтыбай көшесі мен Ешкіөлмес ауылындағы М. Тынышбаев көшесіне жарық орнатылуда. Көшелердің жалпы ұзындығы – 3 км. Бұл жұмыстар осы жылдың қыркүйек айының соңына дейін аяқталуы тиіс.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**



# ҮКІМЕТТЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ХАБТАР ЖЕЛІСІН ҚҰРУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



**Қазақстан Орталық Азия мен Каспий өңірінде толыққанды келік-логистикалық хаб болуға ниетті. Мемлекет басшысы осындай міндет қойды және оны іске асыру үшін еліміздің айналасында, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы және Каспий шекараларында келік-логистикалық және сауда тораптары құрылууда. Осы желіні құру бойынша жұмыс барысын бақылау үшін Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин барлық мүдделі мемлекеттік органдармен, инвесторлар өкілдерімен, осы ірі жобалар іске асырылып жатқан өңірлердің өкімдіктерімен жедел штаб отырысын өткізді.**

Каспий торабында «Саржа» көпфункционалды теңіз терминалын салу жобасы толық қарқынмен және белгіленген мерзімде жүріп жатыр. Терминалдың қуаты – жылына 10 млн тонна, аяқталуы – 2030 жыл. Жоба аясында қуаты 1,5 млн тонна астық терминалы, қуаты 1 млн тонна жалпы жүк терминалы, қуаты 2 млн тонна әмбебап терминал, қуаты 5,5 млн тонна сұйық жүк терминалы және келік-логистикалық орталығы (КЛО) салынады. КЛО, астық терминалы, жерүсті инфрақұрылымы құрылысының алғашқы кезеңдері аяқталды. «Ақтау» және «Құрық» порттарында контейнерлік хаб салу жұмыстары басталды. «Semurg Invest» ЖШС өкілі жалпы жүктердің терминалы жұмыс істеуге толық дайын екенін айтты: жақында алғашқы 10 вагон қабылданып, барлық қажетті теміржол салынып, кеме айлағы бар пирстер пайдалануға берілді. Мұның бәрі 2023 жылы Каспий маршрутының экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Серік Жұманғарин кеңесте атап өткендей, Каспий көлік торабының жобасы Мемлекет басшысының Челябинск қаласынан Иранға Қазақстан арқылы тез жүретін пойыздарға арналған теміржол магистралін салу туралы тапсырмасымен бірге қаралуы тиіс.

«Аталған магистралдың құрылысы – Еуразия кеңістігіндегі ауқымды кооперациялық жоба. Ол үшін «Бейнеу – Маңғыстау» теміржол желісінің және «Бейнеу – Шалқар» автомагистралінің учаскесіндегі «тар жерлерді» реконструкциялау қажет. Келесі кеңеске ҚТЖ Маңғыстау облысының өкімдігімен бірлесіп, «Орск-Болашақ» теміржолының және оның инфрақұрылымының құрылысы бойынша нақты ұсыныстар дайындауы қажет. Біз тауарлардың кең номенклатурасы бойынша Иранмен еркін сауда аймағы туралы келісімге қол қою алдында тұрмыз, біздің алдымызда Иранмен тауар айналымын \$3 млрдқа жеткізу міндеті тұр. Жеткізілетін негізгі тауарлар азық-түлік болмақ. Qaztrade сауда саясаты орталығы өз тарапынан Иранға дейін астық экспорттаушыларды қолдау тетіктерін пысықтауы қажет», — деді вице-премьер.

Қырғызстанмен шекарада орналасқан «Алатау» индустриялық сауда-логистикалық кешенін (СЛК) индустриялық аймақ ретінде іске қосу жоспарланып отыр. Жамбыл облысы өкімінің 2023 жылғы 12 қыркүйектегі қаулысымен «Алатау» өңірлік индустриялық аймағы құрылды, 36 га жер учаскесі бөлінді, инвестор ТЭН әзірлеумен айналысып жатыр. Техникамен қамтамасыз ету және құрылыс үшін коммуникацияларды тарту мәселелері шешілді. Жақын арада кешен салу үшін инвестормен бірлесіп,

басқарушы компания құрылатын болады. СЛК-ның іске қосылуы 2026 жылдың 2-тоқсанына жоспарланған.

«Еуразия» трансшекаралық сауда орталығы (ТСО) ЕАЭО аумағында халықаралық экономикалық алаңға айналуға ниетті. ТСО Орал қаласының әуежайына іргелес аумақта орналасатын болады. Мұнда Орынбор, Саратов, Самараға және одан әрі Ресей Федерациясының ірі федералды округтері мен Шығыс Еуропа елдеріне шығатын жүк тасымалы үшін маңызды торап салналатын индустриалды аймақ (281 га) орналасқан. ТСО-дан басқа, агрологистикалық орталыққа (жол бойындағы қызмет көрсету және кедендік рәсімдеу нысандары бар сақтау, сауда, қайта өңдеу, ауыл шаруашылығы және азық-түлік логистикасы орталықтары) және авиа-карго терминалына (жүк терминалы және халықаралық мультібрендтік фулфилмент-орталық) арналған аймақтар да қарастырылған.

Бүгінгі таңда БҚО өкімдігі ТСО үшін индустриялық аймақтың инфрақұрылымын салу бойынша жұмыс жүргізуде. Құрылыс 2024 жылдың соңында аяқталады деп күтілуде.

Қорғас торабында Қытай және Азия-Тынық мұхиты азық-түлік нарықтарына экспорттау үшін қазақстандық және шетелдік өндірушілердің азық-түлік өнімдерін жинайтын, сақтап, әрі тарататын орынға айналатын азық-түлік хабын құру жоспарланып отыр. Бұл Қазақстан мен Қытайдың азық-түлік қауіпсіздігін айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік береді. Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі қазатты көлік-логистикалық хабқа әртарапандыру аясында азық-түліктің саласының болашағы зор. Мұнда азық-түлікті, оның ішінде ерекше температуралық режимді қажет ететін тауарларды, атап айтқанда, теңіз өнімдерін, жемістер мен көкөністерді, ет-сүт және қатты мұздатылған өнімдерді сақтауға маманданған «А» деңгейіндегі заманауи азық-түлік хабын салу қажет. Қазіргі уақытта «Қорғас» ШЫХО аумағында оның құрылысы үшін ауданы кемінде 50 га жер учаскесі айқындалды.

Отырыс қорытындысы бойынша Серік Жұманғарин бес трансшекаралық хабты іске асыруға жауапты барлық органға дамудің егжей-тегжейлі тұжырымдамалары мен инфрақұрылым жүргізу жоспарларын дайындауды тапсырды.

primeminister.kz

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ КҮРЕС-БОЛАШАҚТЫҢ ҚАТТЫ

**Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсаймайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.**

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі — сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің Заңында сыбайлас жемқорлыққа тезбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз қызметі шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты тезбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылууда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке

басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын орындау мақсатында «ҚР АШМ ВБ ж. ҚК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің мамандары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыс тар жүргізілді.

Ескелді аудандық аумақтық инспекциясында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «ҚР АШМ ВБ ж. ҚК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің мамандары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында мақалалар жарияланды. Сондай-ақ, Instagram әлеуметтік желісінде (vet\_control\_nadzor\_ eskeldy) мақалалар үнемі жарияланады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы белгіленген мерзімде қаралады. Ескелді аудандық аумақтық инспекциясында мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтер «eiscense.kz» веб порталы арқылы электрондық түрде қабылданып, заң шеңберінде қаралып жауап беріледі.

Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын кесу үшін мамандар арасында заңсыз әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдары үшін арнайы жөшік орнатылған, сондай-ақ «Сенім» (8772836)-3-01-38 телефоны бар.

Мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін кездеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті қиыңдету — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

**Дәурен ӘДІЛБЕКҰЛЫ,**  
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

# СОТ КАБИНЕТИ - ҚОЛЖЕТИМДІ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕ



**Сот кабинеті - бұл электрондық ақпараттың онлайн, ол сот органдарының сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады. Бұл ақпараттық сервис сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған.**

Сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның заңды өкілі, адвокат немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйіне немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады. Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем карточкасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электрондық сервисі Жұғарғы Соттың [www.sud.kz](http://www.sud.kz) ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат қана тұтына алады.

Қазіргі таңда соттарға талап арыздардың электронды түрде түсуі соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысалы, азамат немесе оның заңды өкілі өзінің уақыты мен қаражатын кетірмей, үйінен талап арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Сотқа жүгінген азамат талап арызды тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына оның арызы бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуеге түспейді. Айтты өтетін жайт, ол сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады және сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті азайтуға ықпал етеді. Бұған қоса, Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис сот өндірісін жеделдеті мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді.

**Ұлан МАМЫТБЕК,**  
Ескелді аудандық сотының судьясы

# ЗЕМЛІ АНАШВ БОГАТСТВО

**В каждом из своих выступлениях Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркивает, что особое внимание следует уделять сельскому хозяйству. Президент откровенно говорит, что упущения и промедления в этом ключевом приоритете новой экономической политике недопустимы.**

Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в февраля 2023 года провел встречу с представителями аграрного бизнеса и поручил провести тщательный анализ состояния дел в сельском хозяйстве. Президент отметил, что есть позитивные сдвиги в укреплении продовольственной безопасности и это прежде всего заслуга труженников села. Вместе с тем в сельском хозяйстве существуют ряд проблемных вопросов, которые необходимо решать.

«Земельный вопрос» прозвучал в первом Послании народу Казахстана Касыма-Жомарта Токаева 2 сентября 2019 года. Выступая перед согражданами, глава государства заявил: «Наша земля не будет продаваться иностранцам, этого мы не допустим, по этому вопросу надо прекратить домыслы». Президент также отметил, что «правительство должно в полной

мере задействовать в экономической оборот сельскохозяйственные земли», а привлечение инвестиций в аграрный сектор, по мнению Президента, «необходимо как воздух».

Президент отметил, что в Казахстане немало землевладельцев, которые получили от государства бесплатное право аренды на землю, но держат участки бесхозными.

О решении законодательно закрепить запрет Касым-Жомарт Токаев заявил в феврале 2021 года, выступая на V заседании Национального совета общественного доверия. «Земельный вопрос всегда был очень важным для нашего народа. Это прочный фундамент и священный символ нашей государственности. Я неоднократно говорил, что казахстанская земля не может быть продана иностранцам. Слухи об этой проблеме нужно прекратить. Я решил, что это нужно сделать срочной законодательной инициативой президента. Поручая законодательно запретить продажу, аренду сельскохозяйственной земель иностранцам и иностранным юридическим лицам. Администрации президента следует разработать соответствующий законопроект», — сказал Токаев.

В целом принятие данного закона стало очередным свидетельством эф-



фективности концепции «слушающего государства», показывая результативность конструктивного общественного и общенационального диалога, которые выступают одними из центральных элементов политического курса президента Токаева.

Таким образом, закон о земле, подписанный президентом Токаевым, — это один из шагов по проведению земельной реформы, нацеленной на повышение экономического благосостояния Казахстана.

**Б. ТУКИБАЕВ,**  
глава крестьянского хозяйства



**МҰҒАЛІМ ЖЕТІСІТІГІ ШЕБЕРЛІГІНДЕ**

**ЖАРҚЫРА, ЖАСА, ЖАС МАМАН!**

**Педагог балаға білім мен тәрбие беру үшін үнемі ізденіс үстінде тынбай еңбектену керек. Сонда ғана талағай табыстарға жетуге болады. Мектеп мұғалімдері оқу үрдісін жүзеге асырумен қатар кәсіби шеберліктерін шыңдау жолында түрлі іс-шаралар атқарады. М.Маметова атындағы орта мектебінің ұстаздары еңбек жолында білім берумен қатар, кәсіби шеберліктерін шыңдап, білім биігін бағындырып жүр. Ұстаздар аудандық, облыстық, республикалық байқауларға етене қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.**

Атап айтсақ: Аудандық жас мамандар арасында өткізілген «Педагогикалық дебют-2022» байқауында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дарханова Лаура Дарханқызы III – орынды иеленді.

Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Мүсрелова Гульмира Асылбековна ауданымызда ұйымдастырылған «Урок, которым я горжусь» атты сырттай байқауында

жүлделі 2-орынды иеленді. Ағылшын тілдері мұғалімдеріне арналған «Шетел тілі пәні мұғалімінің ең үздік портфолио» атты сырттай байқауында Махметова Маржан Асылхановна III орын, «Үздік бейне сабақ» байқауында биология пәнінің мұғалімі Шаймұқашева Назерке Нұрмұқанбетқызы III- орынды иеленіп жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Мектебіміздің директоры Р.Мейрбекова да білім саласына өз үлесін қосып, кәсіби біліктілігін шыңдап, үздіктер қатарынан көрінді. Айта кетсек, жақында республика көлемінде ұйымдастырылған «Жыл директоры» білім беру ұйымдары басшыларының республикалық кәсіби байқауында үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі II орынды иеленді.

Химия пәнінің мұғалімдері арасында өткізілген олимпиадасында мектебіміздің химия пәнінің мұғалімі Молшылықбаева Бақытгуль Кенжеханқызы I орын иеленіп жеңімпаз атанды.

Облыстық кезеңде география пәнінің мұғалімі Самалтырова Айзат Уалжақов-

на «Заманауи сабақ -2023» байқауында III орын, «Өр географ –өлкетанушы» байқауында география пәнінің мұғалімі Алиева Назым Тұрғанбекқызы II орынды иеленді.

«Педагогикалық идея» байқауында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Асанова Айжан Асылхановна I орын, «Үздік дене шынықтыру мұғалімі- 2023» байқауында Естибаев Жеңіс Алматаевич I орын, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» олимпиадасында бастауыш сынып мұғалімі Камзинова Гульжанна Оралбековна I орын иеленіп жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Республикалық кезеңге жолдама алған бастауыш сынып мұғалімі Камзинова Гульжанна Оралбековна III орыннан көрінді. Биылғы оқу жылында әріптестеріміздің білім тізгінінде бағындырар шыңдары көп болатынына сеніміміз мол.

**М.ТҮТЕЕВ, М.Маметова атындағы орта мектебінің әдіскері**

**БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай болса, елдің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қойылатын талап өте жоғары. «Шеберліктің белгісі-әртүрлі әдісті біліп, сабақта орында қолдана білу», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, заман талабына сай қазіргі мектеп мұғалімдері оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздейді. Жаңа инновациялық технологияларды қолдана, яғни ойлауға үйрету, оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықтарды шешуге бағытталған. Осы орайда мектебімізде мұғалімдер өз тәжірибелерінде АКТ және оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдістермені қолдануда. Осындай әдістемелер негізінде оқушыларға барлық пәндерден терең де тиянақты білім беруге болады.

Оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану оқуға деген қызығушылықты арттырып, оқу материалдарын жеңіл игеруге көмектеседі. Бүгінгі таңда «Bilim Land» электрондық білім беру порталына өзіміздің барлық мектептеріміз қатар, мұғалімдердің 230 мыңға жуық аккаунттары қосылған. Мұғалімдер сыныптағы оқу үрдісін ұйымдастыру үшін цифрлық контентті белсенді пайдаланады. Ендігі кезекте мектептердің платформаға жазылуы аясында барлық оқушылар мектептен тыс және өздеріне ыңғайлы уақытта цифрлық контентке деген қолжетімділікті қамтамасыз ететін пайдаланушы аккаунттарын алады. «Bilim Land» – бұл электрондық оқыту бойынша әлем көшбасшыларының алдыңғы қатарлы жетістіктері негізінде жасалған цифрлық білім беру платформасы. Бұл – заманауи білім беру ортаның ірі сандық кітапханасы, қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде барлық пәндерді қамтыған 30 мыңға жуық электрондық сабақ, тренажер, интерактивтік жаттығулар, оқытуға арналған видео, анимациялық фильмдермен қамтылған жиынтық. Қызықты электрондық сабақтар балаларға мектепке дайындалуға көмектеседі әрі бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген

қызығушылықтарын оятады. Бұл платформаға мектебіміздің барлық оқушылары енгізілген. Бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын орындауға, тез арада жұмыстарын тексеріп, кері байланысқа шығу үшін де өте ыңғайлы. Сондай-ақ, математика, физика, химия, биология және басқа да пәндер бойынша оқушының тақырыптарды қарапайым және қолжетімді тәсілмен түсіндіретін тапсырмалар жиынтығы жоғары сынып оқушылары үшін таптырмас көмекші құрал болып табылады. Цифрлық оқыту ресурстарына шектеусіз әрі тегін қолжетімділік – білім берудің сапасын арттыруға бағытталған жақсы бастама. Мектеп мұғалімдері әртүрлі электрондық білім беру ресурстарын сабақтарында қолдануда. Бұл жерде дағды электрондық оқулықтар мен бейнероликтер, фильмдер қолданылады. Барлық тақырыптарға сай нақты, қысқа да нұсқа бейнероликтер жинақталып жүйеленген. Мұғалімдердің YouTube және каналдары да құрылған. Осы каналдарға оқушылар QR код немесе сілтемелер арқылы кіріп, ақпараттармен танысып, жұмыс жасай алады. Мұндай бейнероликтерді жаңа ақпараттарда қолданған өте тиімді. Сандық платформаларға тоқталатын болсақ, мектебіміз «Google Диск» платформасында кешенді бақылауға арналған тест тапсырмаларын, пиза, пирлс, тимс бағдарламалары бойынша және YBT тапсырмаларын орындап жұмыс жасауда. Бұл платформаның тиімділігі оқушылардың қандай тапсырмалардан ақсап жатқандығын бірден аңғартып, жұмыс жасауға өте ыңғайлы. Соның нәтижесінде 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша YBT-ден мектеп түлектері 77,4 пайыз білім сапасын көрсетсе, мемлекеттік грант иегері ретінде 98 пайыз көрсетті. Сол сияқты мұғалімдер «Kahoot», «Quizzes», «Learning Apps», «Wordwall.net», «JeopardyLabs», ағылшын тілі пән бірлестік мұғалімдері «Canva», «Mindmap», «E dusa play», «Benially» тағы басқа платформаларын сабақ барысында сабақты қорытындылау, бейнемақсатында қолданады. Оқушылар бейнежазба құрастыруға немесе дайын бейнежазба ішіне сұрақтар кіргізуге, бейнежазбаға қарап, ашық және жабық сұрақтарға жауап беруге дағдыланған. Бұл платформалар-

ды қолдану арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығының артқанын тәжірибе көрсетіп келеді. Мектеп кітапханасына берілген «LED-телевизор» арқылы оқушылар өздері қалаған ертегілер, мультфильмдер, әдеби шығармалар мен драмалық қойылымдармен танысып, кейіпкерлермен бетпе-бет кездесу арқылы көркем шығарманы оқуға деген құштарлықтарын арттырады. Нәтижесінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар аудандық, облыстық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Сонымен бірге Сыни тұрғыдан ойлау және АКТ технологияларын іс-тәжірибемізде енгізу нәтижесі оқушылардың бойында көптеген іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын біздің мектептің нәтижелері байқатты. Атап айтсақ, 2022-2023 оқу жылында «Айқанат» олимпиадасына 8-сынып оқушысы Марат Алина қатысып, республикалық кезеңнің жеңімпазы ретінде «Айқанат» мектебінің білім грантын ұтып алды. «Мың бала» олимпиадасына 6-сынып оқушысы Ұлаш Ақжарқын қатысып, республикалық кезеңнің жеңімпазы және 200000 теңге сертификат иегері атанды. Бұдан да басқа дарынды оқушыларымыз аудандық, облыстық байқаулардың жеңімпаздары атануда.

Қорытындылай келе, сандық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Ажар ОМАРОВА, С.Сейфуллин атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

**РОБОТОТЕХНИКА - ЗАМАН ТАЛАБЫ**

**XXI-ғасыр техниканың даму ғасыры болғандықтан, компьютерлер мен роботтардың адам өмірінде алатын орны өте зор.**

STEM, соның ішінде робототехника саласындағы білім жоғары технологиялық индустрия саласындағы мамандарды даярлаудың негізі болып табылады. Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді дамытумен айналысатын қолданбалы ғылым, оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өзін-өзі танып білуге, техника өлемін зерделеуге, қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды. «Робототехника» қалай жеке пән немесе «Информатика» пәнінің бір бөлігі болып саналса да, мектепте робототехника негіздерін оқыту процесі пәнді оқытудың дестүрлі әдістемелік жүйесінің қағидалары негізінде құрылады. Осы тұрғыда қазақстандық мектептерде робототехниканы енгізуге, жалпы робототехникадағы оқу үдерісіне айтарлықтай әсер ететін бірқатар факторларды анықтауға болады. Қарабұлақ орта мектебінде 2020 жылдан бері робототехника үйірмелері жүргізіледі. Үйірмелерде оқушылар әлемдік робототехниканың жетістіктері және даму бағыттары туралы біледі, Лего-роботтарын құрастырады, бағдарлама жасайды және деректер моделін

құрастыруды ойлап табады.

Қазіргі уақытта робототехника бағыты ғылым мен технологияның белсенді дамып келе жатқан саласы болып табылады. Роботтар өнеркәсіп пен адамдардың өміріне көбірек еніп келеді. Олардың орындай алатын міндеттерінің тізімі де кеңейіп келеді. Балаларға арналған робототехника кез келген жағдайда пайдалы. Бұл саланың дамуы, логикалық дамуы, инженерлік дағдылары туралы түсінік қалыптастырады. Болашақта мұның бәрі дамуға жатады және бала өзінің кәсіби қызмет саласын роботтардың дизайнымен байланыстырғысы келмесе де, пайдалы болады. Мұндай әрекеттер баланың мүмкіндіктері мен ой-өрісін кеңейту үшін пайдалы.

Робототехникамен қатарлас – бәсекеге қабілетті қызмет. Балалар мұғалімдермен бірге әртүрлі жарыстарға қатыса алады, бұл өз алдына оларды жинақы, ұйымшыл және тәртіпті етеді. Дайындық барысында білімді тереңдету туралы айтпай кетуге болмайды. Әртүрлі деңгейлерді білдіреді: командада, қалада, аймақта, WorldSkills құзыретіне қол жеткізу Мобильдік робототехника және т.б. Біздің ауданда роботтар сайысы өткізіледі, мектеп оқушылары өзара білім алмасады, өз жұмыстарын көрсетеді. 2021 жылы аудандық «Мобильдік Робототехника» жарысына Қарабұлақ орта мектебінен 8

«А» сынып оқушылары Әбдіқажым Сабина және Зейнолла Ерқанат қатысып, жүлделі I-орынға ие болды. 2022 жылы «Білім алудың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы STEM-технологияның маңызы» тақырыбындағы облыстық онлайн байқауда шығармашылық жұмыстарын көрсеткен үшін Ешенасыл Ерұсыл мен Зейнолла Ерқанат Құрмет грамотасымен марапатталды. 2022 жылы Үздік виртуалды жоба аудандық байқауында оқушыларым «Үздік жоба» номинациясын иеленді. 2023 жылы «Robotek Grand Tournament» робототехникадан республикалық турнирдің облыстық кезеңінде «Сызық бойымен жарыс» бағыты бойынша Қарабұлақ орта мектебі III-орынды иеленді.

Робототехниканы зерттеу оқушылардың болашақта ізденісін одан әрі дамытуына ықпал етеді. Оқушылар робот құрастыра отырып, өзінің автоматтандырылған құрылғыларын құрады, оларды қадағалайды және эксперимент жүргізеді, модельдің практикалық қолданылуын іздейді, ғылыми бағыттағы инженерлік мамандықтың іргетасын рухани байлықтарымен қалыптастырады. Оқушылар нақты мақсат қойып, оған жетуге үйренеді, өмірдегі проблемаларды шешу үшін сыни ойлайды және шығармашылық дағдыларын қолданады.

**Ө ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, Қарабұлақ орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі**

**Жас келсе – іске! Осылай деген қазақ қай заманда болмасын жастарға зор үміт артқан, игі істің бастауы ретінде қараған. Олардың білімді, білікті, адал ері жауапты болуы – бүгінгі қазақ елі үшін аса маңызды. Жастар – қоғамның қозғаушы күші, елдің болашағы.**

Осы орайда мектебіміздегі жас мамандар туралы айтып өтсек, Қаблisa жырау атындағы орта мектебінде әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда еңбек жолын жаңа бастаған, іс-тәжірибесі аз педагогтарды қолдау мақсатында бағытталған қызмет ерекше маңыздылық атқарады.

Жас маман – әдетте, жоғары оқу орындарының бағдарламалары бойынша педагогикалы негіздерін игерген, өз қабілет-қарымын одан әрі жетілдіруді қалайтын, іске жаңадан кіріскен мұғалім болып саналады.

2023-2024 оқу жылында жас мамандардың шығармашылық қабілеттерін ашу және кәсіби деңгейін көтеру мақсатында жас мамандар мен озық тәжірибелі мұғалімдердің байланысын бекітіп, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету үшін тәлімгерлер бекітілді. Жас маманның мамандығына кәсіби бейімделуі барысында олардың белсенділігін, мақсатты әрекетін, жоғары мектептің оқу-тәрбие процесінің «енуіні» шығармашылық сипатына мектеп директорлары оқу – әдістемелік орынбасары, әдістемелік бірлестік және маманның тағайындалған төлімгері жол сілтейді. Осылардың нәтижесінде олар өздерін танытуға, еңбек процесінде өз орын табуға қажетті біліммен сусындайды, пәнге деген қызығушылығы артады, таңдаған кәсібіне оң пікірі, дағдылары мен білігі, ақыл-ой қызметінің тиімді ұйымдастыру қабілеті мен кәсіби іскерлік қасиеттерді дамытуы, өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби өз бетімен білім алу жұмысының жүйесі қалыптасады.

2022-2023 оқу жылында тарих пәнінен 2 мұғалім (Нұрахметова Э.Б., Шақабаева М.Т.) математика пәнінен 1 мұғалім (Симбекова М.Е.), биология пәнінен 1 мұғалім (Қармысова А.Н.), ағылшын тілі пәнінен 1 мұғалім (Оқаш Жанар), барлығы 5 жас маман жұмыс жасады. Оның ішінде 4 мұғалім І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетін, 1 мұғалім Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетін аяқтаған.

Қазіргі таңда жан-жақты білімді, өз істерінің білгірлері болғысы келетін жас ұстаздар бар. Олар түрлі сайыстарға қатысып, өздерінің жетістіктерімен көзге түсіп жатады. Біздің мектепте де осындай жас мамандар баршылық. Атап айтар болсақ, өткен оқу жылында мектебімізге жоғарғы оқу орнын бітіріп, алғаш мектеп табалдырығын аттаған Симбекова Мадина Ермековна мектеп, аудан, облыс тарапынан іс шараларға қатысып, Ескелді ау-

даны білім басшысынан Алғыс хат алды. Аудандық пән олимпиадасынан оқушысы I-орынды иеленіп, облыстан сертификат алып келді. Нұрахметова Э.Б. «Менің кіші отаным» атты республикалық байқауға қатысып, оқушысы Жанарқызы Күнсаева ауданда 1 орынға ие болса, облыс көлемінде 3 орынға ие болды. Сол сияқты жоғарғы оқу орнын бітіріп келген жас маман Қармысова Арман Нұрлановна өзі 11 жыл оқыған мектебіне мұғалім болып келіп, облыстық «Mi Battle» интеллектуалдық ойынына Симбекова Мадина екеуі қатысып Алғыс хатпен марапатталды, аудандық пән олимпиадасынан оқушысы 2-орын алды. Жас маман Оқаш Жанар «British bulldog онлайн олимпиадасына оқушылары қатысып, сертификатқа иеленді. Сонымен қатар, мектепте өткен пән апталықтарында алғашқы ашық сабақтарын көрсетіп, әріптестерінің кеңестері мен көмектерін алды.

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: Сапалы білім беру саласында материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн. Білім беру жүйесіне жергілікті әрі білікті мамандар қажет, - деген. Осыған орай жас мамандарымыз цифрлық сауаттылықпен жақсы қамтылғаны қуанышты жағдай. Мектебімізде өтетін семинарларда жас мамандар Симбекова М.Е., Қармысова А.Н., Оқаш Жанар білім берудегі «Wordwall», «Quizziz», «Canva», «Learnis», «Bandidam» сияқты жақсы платформалармен таныстырып, көрсетіп отырады.

Мақала соңында жас мамандардың алға қойған мақсаттарынан мысал келтіре кетсек:

Қармысова А.Н.: Мұғалім болғандықтан алдыма қойған мақсатым өз ойларым еркін жеткізе алатын, білімді, ақшан білімдерім өмірде қолдана алатын оқушы тәрбиелеу; Шыңғыс Талғатұлы: Өзімнің тәжірибемді көтеру және де өз мамандығымды нақты білу, балаларға жақсы білім беру; Симбекова М.Е.: «Өр қиындықтың артында жақсылық бар» мұғалім төзімді болу керек;

Сейсембаева М.С.: Ең бірінші оқушыларға білім беріп, мектеп қабырғасында жұмыс істеу, екінші, адал ұрпақ тәрбиелеу;

Оқаш Жанар: Өз пәнімді тереңінен зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдерді құрастыру және үлкен жетістіктерге жету;

Шақабаева М.Т.: Үлгілі ұстаз болуды ұйымдастыру.

Жас мамандар армандарына жетіп, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие бере отырып, тәжірибелі ұстаздар қатарына кіретіне сенеміз.

**Алия КАДЫРБЕКОВНА, Қаблisa жырау атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

**БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕР**

**Білім мен өнер адам болашағының жарқын болуына бірден-бір кепіл. Кез келген мемлекет үшін білім мен ғылымды дамыту аса маңызды және де бұл саланы ілгерілету – басты тегінің бірі. Сондықтан өзімізде білім беру және ғылым саласын дамыту үшін қолға алынып жатқан шаралар көп. Мектебімізде барлық көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізуді мақсат етіп, жақсы нәтижелерге жету көзделуде. Дарынды балаларды қолдау – басты назарда. Мінсіз оқушы-тәрбиелі, мақсатқа ұмтылатын, ойлауға бейім, шығармашыл жан-жақты. Осы қасиеттің барлығы өр балада болуы үшін оқушыға оқуға деген қызығушылық ояту керек.**

Өткен 2022-2023 жыл оқушылар үшін табысты болды. Аудандық, облыстық сайыстарда үздік шыққан оқушыларымыз лайықты марапатталды. Оқушыларымыз ғылыми жобалар мен олимпиадалар, конкурстардың жеңімпаздары атанды. Бұл мектебіміз үшін үлкен мәртебе.

Ғылыми-практикалық «Зерде» жобасына 4-сынып оқушысы Ораз Ақмарал (жетекшісі Силахан Серікүл) «Қара зер майының пайдасы» тақырыбымен қатысып III дәрежелі дипломмен, «Дарын» ғылыми – жобасынан химия пәнінен 9-сынып оқушысы Мейрамбекқызы Аружан (жетекшісі Таженова К.Г.), «Өр түрге жататын ара балының сапалық анализі» тақырыбымен аудандық кезеңінен II орын иеленсе, «Связь звука и смысла в словах русского языка» тақырыбымен орыс тілі мен әдебиет пәнінен 11-сынып оқушысы Айтпай Дария (жетекшісі Қлышбаева Б.К) аудандық кезеңінен жүлделі I орын иеленіп, облыстық байқауға жолдана алды.

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сыныптар арасында өткен олимпиада», «Республикалық балалар оқулары», «2-4 сыныптарға арналған Республикалық олимпиада», «5-6 сыныптарға арналған Республикалық олимпиада», «7-8 сыныптарға арналған Республикалық олимпиада» бойынша қатысқан оқушыларымыздың жетістіктері төмендегідей:

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сыныптар арасында өткен олимпиада» Жеңіскеулі Ералтай, 9-сынып оқушысы, аудандық кезеңі I орын.

«Республикалық балалар – оқулары» облыстық кезеңінен III орын, Ердеулетқызы Аяла.

2-4 сыныптарға арналған Республикалық олимпиада бойынша жетістіктеріміз төмендегідей:

Аудандық кезеңі - I орын, Ернур Аруна, II орын Жанымханқызы Әсемнұр, II орын Шабаева Милана, III орын Мағзан Айсері. Ал облыстық кезеңінен Ернур Аруна «Алғыс хатпен» марапатталды.

«5-6 сыныптарға арналған Республикалық олимпиадасының» аудандық кезеңінде қазақ тілі пәнінен I орын Әділғазы Жансая, ағылшын тілінен III орын Наурызхан Жайнар, қазақ тілінен III орын Теницкий Данил, орыс тілінен Адильбаева Ажан III орын, жаратылыстану пәнінен Есболатұлы Баққорған III орын, облыстық кезеңі бойынша Әділғазы Жансая III орынды иеленді.

«7-8 сыныптарға арналған Республикалық олимпиада» бойынша аудандық кезеңде I орын Салтанат Мейір, I орын Серғазы Ұлия, I орын Әлмен Мирас, II орын Сейтжан Дияра иеленсе, осы олимпиаданың облыстық кезеңінде үш оқушымыз «Алғыс хатпен» марапатталды.

Өткен жылдың тағы бір жетістігі – YBT нәтижесі бойынша бірінші орынға ие болуы. Мектеп түлектері қорытынды білім сынағынан аудан мектептері арасында 98,6 пайыз жоғары нәтиже көрсетіп, мемлекеттік грант жеңіп алды.

Мектебіміздің білім беру саласындағы жеткен жетістіктері – ұстаздарымыздың нәтижелі еңбегі. Болашақта жоғарғы жетістіктерге жету, білімнің биік шыңдарын бағындыра беру – біздің басты мақсатымыз!

**Күляш ГИНАЯТОВНА, Т. Рүстембеков атындағы орта мектебінің директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары**



# МЕКТЕПТІҢ ЖАҢЫ – МҰҒАЛІМ

**Ш.Уәлиханов орта мектеп гимназиясының 2022-2023 оқу жылындағы жеткен жетістіктер туралы айтып өткім келеді. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болғансоң, ең әуелі мектепке керегі – білім, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім деп Ахмет Байтұрсынұлы пәткендей быылғы оқу жылында Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте де ұстаздарымыздың жетістіктері айтарлықтай. 2022-2023 оқу жылында мектебіміздің жеткен жетістіктері де аз емес. Себебі мектебіміздің тәжірибелі, білімді, ұлағатты ұстаздары өздерінің шәкірттерін тәрбиелей отырып аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде өткізілген барлық байқаулар мен жарыстарға белсенді түрде қатысып, мектебіміздің атын асқақтатып шығарып келеді.**

Мектеп-гимназиямыз өзге мектептерден терең білім беруімен ерекшеленеді. Ұстаздар мұндай сапаға көпжылдық қажырлы еңбектерінің нәтижесінде жетті. Осы 32 жыл ішінде мектебіміз өзінің педагогикалық кадрларымен және де талантты оқушыларымен көріне білді. Биылғы оқу жылында облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып жүлделі орындарды иеленген біршама оқушымыз бар.

Биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша мектебімізде 70 оқу озаттары мен 292 оқу екпінді бар. Мектеп бітіруші 11 сыныптарда 2 оқушы «Алтын белгі» иегері. Олар Батырхан Нұрайым, Базарханқызы Айдана. 2 оқушымыз «Үздік аттестат» иегері. Олар Асхатова Дильназ, Айдарқызы Қарақат. 9-сыныптарда 3 оқушы «Үздік аттестат» иегері. Олар Антаев Амир, Мұрат Ақмарал, Садықова Меруерт. Тәуелсіз еліміздің болашағы – білімді ұрпақ десек, осыған орай сапа – оқушының тынымсыз еңбегінің, ал оқытушының шығармашылығымен ізденісі, жүйелі жұмысының нәтижесі екені сөзсіз. Осы сапа көрсеткіші ҰБТ қорытындысымен бағаланады. Жыл сайын мектеп тұлғалары Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Биылғы оқу жылында 11-шы сыныпты 35 оқушы аяқтады, оның 23-і грант иегері атанып отыр. ҰБТ 92,5 пайыз көрсетіп отыр. Оқушылардың облыстық жетістіктері:

Облыстық Б.Құранбек атындағы шығармашылық байқауында 7 «А» сынып оқушысы Тұрлұмбекова Адина 1-орын. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Матибаева Шынар

11 «А» сынып оқушысы Батырхан Нұрайым ағылшын тілі пәнінен «Дарын» зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңінен 3-орын. Жетекшісі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Касенова

«Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде 3 ә сынып оқушысы Қабдырақ Шұғыла «Алғыс хатпен» марапатталды, жетекшісі Ж.Жақыпова

«Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде 4 «А» сынып оқушысы Марлан Наргиз 2-орын. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Ж.Сарбасова

5-6 сыныптарға арналған математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңінде 6А сынып оқушысы Серікұлы Акеділ 3-орын. Жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Б.Сапар.

9-11 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде құқық негіздері пәнінен 9А сынып оқушысы Адилханқызы Дидар III-орын. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі А.Дюсекова

9-11 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде тарих пәнінен 11А сынып оқушысы Базарханқызы Айдана III-орын. Жетекшісі тарих

пәнінің мұғалімі А.Дюсекова «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» облыстық пікір сайыс турнирінде 9А сынып оқушысы Мұрат Ақмарал 3-орын. Жетекшісі педагог ұйымдастырушы Г.Телем

Шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілердің тәжірибелерін анықтау қолдау және тәжірибе тарату мақсатында ұйымдастырылған «МЕН және МЕНІҢ СЫҢЫБЫМ» акциясының облыстық кезеңінде 7Ө сыныбы II-орын. Жетекшісі А.Есенбекова

Облыстық «Жазда бірге оқиық» байқауында 8 «А» сынып оқушысы Марлан Камила 2 орын.

Жетекшісі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ж.Тилеуова «Жазда бірге оқиық» бейнебаян облыстық байқауында 8 «А» сынып оқушысы Иса Мадина 3-орын Жетекшісі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Богаскулова Л

«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының облыстық көрме-байқауына қатысқаны үшін 5А сынып оқушылары Биғаш Кәусар, Айдарқызы Ердана алғыс хат. Жетекшісі көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жылқибаева М.Е

«Ұлттық мектеп лигасы» Футзалдан «Теңбіл Доп» 9-11 сынып оқушылары арасындағы облыстық жарысында жүлделі II-орын. Жетекшісі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Сакипов

Оқушылардың республикалық жетістіктері Республикалық «Жарық жұлдыз» байқауында «Қолөнер» номинациясы бойынша 5А сынып оқушысы Айдарқызы Ердана 1- дәрежелі диплом. Жетекшісі көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Жылқибаева

«Жас талант» республикалық байқауда «Қолөнер» номинациясы бойынша 5А сынып оқушысы Жомарт Амина 1- дәрежелі диплом. Жетекшісі көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Жылқибаева

«Жас талант» республикалық байқауда «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша өнер көрсеткені үшін 5Ө сынып оқушысы Есболат Айша 5Ө-дәрежелі диплом. Жетекшісі көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Жылқибаева

Дарын –Республикалық ғылыми –практикалық орталығы «Кенгуру-математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойынында 3А сынып оқушылары Ертай Айзере, Тоқтасын Ислам II Дәрежелі Диплом. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Л.Асанова

Республикалық «Шақырады көктем» фестивалінің поэзия номинациясы бойынша 1,2 орын иеленген 3А сынып оқушылары Кенжебекқызы Медина, Серік Рахат, Ершатқызы Назым, Базарханұлы Игілік, Оразбайұлы Мағжан, Тоқтасын Ислам. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Л.Асанова

«Жаңа Қазақстан жаңару мен жаңғыру жолы» атты қалалық патриоттық әндер байқауында 6 «А» сынып оқушысы Дауылқызы Самал II орын. Жетекшісі: Аубакирова А.Т

Республикалық «Жарық жұлдыз» байқауында би жанры бойынша 4Ө сынып оқушысы Жайырбек Наргиз жүлделі II-орын Жетекшісі музыка пәнінің мұғалімі Г.Төңкерісқызы

Республикалық «Жарық жұлдыз» байқауында аспапта ойнау жанры бойынша 7 сынып қыздары жүлделі I-орын. Жетекшісі музыка пәнінің мұғалімі Г.Төңкерісқызы

Республикалық «Жарық жұлдыз» байқауында би жанры бойынша 5-7 сынып оқушылары жүлделі II-орын Жетекшісі музыка пәнінің мұғалімі Г.Төңкерісқызы

4 «Ө» сынып оқушысы Серікұлы Жан Республикалық Жас дарын, дарынды балалар орталығы ұйымдастырған «Самға Самұрық» байқауында Бас жүлде

Оқушылардың халықаралық жетістіктері «Жас талант» халықаралық байқауда «Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша өнер көрсеткені үшін 5Ө сынып оқушысы Есболат Айша 5Ө-дәрежелі диплом. Жетекшісі көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Жылқибаева

Мұғалімдердің аудандық жетістіктері: Математика пәні мұғалімі Арабай

Батима аудандық «Математикалық олимпиада» байқауынан III орын

Биология пәні мұғалімі Шарафутдинова Жазира

аудандық биология пәні мұғалімдер арасында өткізілген онлайн олимпиададан I орын Химия пәні мұғалімі Базарбаева Айгерім Аудандық химия пәні мұғалімдер арасында өткізілген онлайн олимпиада III орын

Республика күніне орай кәсіподақ мүшелері арасында өткен «СПАР-ТАКИАДА-2022» жарысында Ш.Уәлиханов атындағы ОМГ командасы волейболдан жүлделі II-орын.

«Халықаралық зерттеу тапсырмалары: ізденіс, нәтиже» жобасы аясында «Денсаулық» саласындағы жеке, ұлттық, ғаламдық деңгейдегі мән мәтін тапсырмалар байқауынан биология пәнінің мұғалімі Қ.Алдабергенова II орын

«Жылдың үздік мұғалімі-2023» аудандық байқауында «Үздік портфолио» номинациясы тарих пәнінің мұғалімі А.Дюсекова

Мұғалімдердің облыстық жетістіктері: Ұлттық өнерімізді ұлықтау «Боюлар құпиясы» және «Жемқорлық індет-күресу міндет» облыстық суретшілер көрме байқауында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Болат Қастер Алғыс хат

Ұстаздар күні мерекесіне орай орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Л.Богаскулова аудан әкімінің Алғыс хаты

Жас математика мұғалімдеріне арналған III Жетісу облыстық шығармашылық байқауындаСапарБекәліII Дәрежелі Диплом

«Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсының облыстық кезеңіне қатысқаны үшін математика пәнінің мұғалімі Сапар Бекәлі Алғыс хат

Жоғары біліктілігі мен кәсіби шеберлігін еліміздің болашағы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге арналған табысты еңбегі үшін бастауыш сынып мұғалімі Асанова Лязиза Шакеримовна Құрмет грамотасы

«Заманауи сабақ-педагогтің кәсіби өсуінің көрсеткіші» облыстық үздік сабақтар фестивалінде көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Жылқибаева II дәрежелі диплом

«Алтын қазына»көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының облыстық көрме-байқауында қағаздан бұйымдар жасау номинациясы бойынша көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Жылқибаева мадақтама

«Жас талант» республикалық байқауына жоғары деңгейде шәкірт дайындағаны үшін көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Жылқибаева Үздік ұстаз сертификатты

«Жарық жұлдыз» балалар өнер байқауына талантты да дарында шәкірттерге шығармашылық қолдау білдіріп, педагогикалық еңбек жолында жас ұрпақ тәрбиелегені үшін көркем еңбек пәнінің мұғалімі М.Жылқибаева диплом

Жетісу облыстық білім беруді дамыту оқу –әдістемелік орталығымен бірлескен жинақ «TIMSS тапсырмалары» 8 сыныпқа арналған тапсырмалар жинағы жарыққа шықты. Автор биология пәнінің мұғалімі Қ.Алдабергенова

Жоғары біліктілігі мен кәсіби шеберлігін еліміздің болашағы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге арнаған табысты еңбегі үшін биология пәнінің мұғалімі Қ.Алдабергенова облыстық білім басқармасының құрмет грамотасы.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде жүлдегер атанған оқушының жетістігіне қосқан еңбегі үшін тарих пәнінің мұғалімі А.Дюсекова Алғыс хат.

Сөзімді қорытындылай келе міне, осындай қажырлы еңбек атқарып жатқан ұлағатты ұстаздар мен кезінде оты бар, болашаққа сеніммен қарайтын мектеп оқушыларымен біріккен жұмысымыздың алар белесі мен асар биігі әлі де болса алда деген сенімдемеміз.

**Салтанат Қадирбековна, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп гимназиясының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары**

# ТЕРЕҢ БІЛІМ ТӘРБИЕДЕ

Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – Тәуелсіз мемлекетіміздің ұғыы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтын өмірдің өзі дәлелдеуде. Балалар мен жастар тәрбиесінің болашағы – оларды адамгершілік – рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру керек. Сонда ғана нағыз толыққанды тұлғаға айналады.

2022-2023 оқу жылында мектебіміздің тәрбие саласында ауыз толтырып айтарлықтай көптеген іс-шаралар атқарылды.

Мектеп ішінде балалардың қызығушылығы мен бейімділігін дамытуға бағытталған түрлі жобалар жүзеге асырылып отыр.

Кино арқылы білім алушыларды адамгершілік қасиеттерге баулып, көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында SMART CINEМА жобасы құрылды.

Кино тақырыптары құндылықтарға негізделіп таңдалынып алынды. Мысалы: Менің атым Қожа - жақсы адам болуға талпыныс, адамгершілік;

Гарри Поттер - адалдық, ынтымақтастық, ой-қиялдың ұшқырлығы; Звездочки на земле - инклюзия, денсаулық, батылдык;

Жизнь Пи - өмір сүруге деген құштарлық, шыдамдылық;

Осы SMART CINEМА жобасы аясында істелген жұмыстардың нәтижесінде оқушыларымыздың бос уақыты тиімді ұйымдастырылды. Кино көре отырып білім алушылардың өмірге деген, қоршаған ортаға деген көзқарастары қалыптасты. Өз пікірін, ойын анық жеткізе түсіп, тілдік дағдылары дамыды. Жоба аясында көркем шығармалар желісі негізінде түсірілген фильмдерді қарастырып, салыстыру жұмыстарын жүргізді. Осы орайда білім алушылардың көркем шығармаларды оқуға деген құштарлығы ояңды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында да жұмыс жүзеге асырылды.

Білім алушылардың адамгершілік тұлғалық қасиеттерін дамытып, басқа адамдарға көмектесу ықыласын арттыру

мақсатында «Халыққа қызмет» жобасы іске қосылды. Қазіргі заманда адам мен адам арасында бауырмалдылық қасиеті кішкене кенже қалып бара жатқандай. Ал еріктілік ісі сол ұмытылуға айналған мейірбандылықты, жанашырлықты қалпына келтіруге көмектеседі. Жоба барысында еріктілер жемғызбасты қарттарға шаруашылыққа көмек беріп, ауданымыздың, мектептің іс-шараларына белсенді түрде қатысты. Оқушыларымыз өздерін қоғамның маңызды бөлігі болып табылатынын, басқаларға көмек беру үшін таза жүрек пен шын ниеттің жеткілікті екенін түсінді.

Қаңтар айынан бастап мектебіміздің оқушы бойына құндылықтарды сіңірт мақсатында «Тағылым» жобасы іске асуда. Бұл жоба білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуы үшін қолайлы орта құруды, оларда жалпы адами және ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуді, академиялық үлгерімді арттыруды, әлеуметтендіруді, көсірікті бағдарлауды, сыни ойлауды дамытуды, экологиялық мәдениетті, салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыруға қамтамасыз ететін мектеп өмірінің адамгершілік тәртібін қалыптастыруды көздейді.

Мектеп ұжымынан 25 ұстаз «Құндылықтарға негізделген білім беру» курсын тәмамдады.

Курстың ерекше болғаны сонша, мектеп ұжымы жұмысқа бірден кірісіп кетті. Мұғалімдер құндылықтар жүйесін тек қана тәрбие жұмысында ғана емес, сабақтарда да пайдалануда. Әр ай құндылығы тек қана оқушы бойында қалыптасып келе жатқан жоқ, сонымен қатар, әр отбасына да жеткізілуде.

Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана адам болып қалыптасады. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени - ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу—біздің қоғам алдындағы борышымыз.

**Ильяс САЛИХЖАНОВИЧ, Шестаков атындағы орта мектебі, Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары**

# Н.Алдабергенов атындағы мектеп қабырғасындағы спорттың маңызы

**Салауатты өмір салты дегеніміз - тазалық сақтау, спортпен шұғылдану дегенді білдіреді. Қазақ халқы себи дүниеге келген сәттен бастап, бала тәрбиесіне ерекше назар аударған. Балалардың психикалық және физикалық жай-күйін дұрыс қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Қазақтың ұлттық ойындары оған дәлел. Жас кезінен бастап балаға дұрыс тәрбие берсе, асық атып, атқа мініп, теңге іліп, бөйге мініп, қатайып, қозғалып, икемділік танытады деп есептелген. Сол себепті қазіргі таңда білім беру ұйымдарында спорт саласы дамып, балаларға барлық мүмкіндіктер қарастырылған.**

Дұрыс жүргізілген және жақсы ұйымдастырылған дене тәрбиесі физикалық дамуға көмектеседі. 12-15 жас аралығындағы жасөспірімдерде дененің ұзындығы тез өседі. Бұл уақытта, әдетте, қозғалыс координациясының нашарлауы байқалады. Гимнастика, спортпен айналысу осы құбылыстарды әлсіретуге, осы кезеңнің уақытын қысқартуға көмектеседі. Ұзақ жүгірумен, күреспен, гимнастикамен және ауыр физикалық белсенділікпен (футбол, баскетбол) байланысты сабақтарда жасөспірімнің денесінің реакциясына ерекше назар аудару керек.

Спорт – адамзат баласының денсаулығын нығайтатын, денені шынықтыратын ерекше дүние. Салауатты өмір салтын сақтай отырып, спортпен шұғылданушылар қатарын арттыруымыз керек. Дене шынықтырудың маңызы өте зор. Денедегі қимыл-қозғалысты бірқалыпты дамытпаса, баланың өсу процесінде өзгеріс болады. Ол үшін әрбір ата-ана баланы дүние есігін ашқан күннен бастап жаттығу жасатып өсіреді.. Сәби жастан, балабақша кезінде баланың өсу процесін, қабырғасындағы қимыл-қозғалысының жақсы дамуының арқасында үлкен азамат болары хақ. Мектеп қабырғасындағы спорттың маңызы ерекше. Оқушыларды адамгершілікке, ауызбіршілікке, сыйластық пен сыпайылыққа, шыдамдылық пен жылдамдыққа

тәрбиелейді. Сондықтан, дене шынықтыру сабағына деген оқушылардың қызығушылығы жоғары.

Мектептегі күзгі, қысқы, көктемгі демалыс кезінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері әртүрлі іс-шаралар, спорттық ойындардан жарыстар ұйымдастырады. Қысқы демалысты бос өткізбей тоғызқұмалақ, шахмат, футбол, волейбол, баскетбол ойындарын үйретіп, ойнау техникасын, ережелерін сақтауға бейімделеді.

Уақытылы келіп жарыстарға белсене қатысқан оқушыларға мақтау қағазы, алғыс хат, дипломдар беріледі. Әр оқу жылында аудандық, облыстық спорттық сайыстар ұйымдастырылып тұрады


2022-2023 оқу жылында біздің Ескелді ауданы, Н.Алдабергенов атындағы орта мектептің спорт жағынан мақтанарлық біршама жетістіктері бар. Атап айтар болсақ, Ескелді ауданы бойынша ұйымдастырылған «Тоғызқұмалақ спорттық ойынынан мектепшілік лигада» I орынды, шахматтан II орынды иеленді. Сонымен қатар, аудандық қыздар арасындағы волейболдан II орын, баскетболдан I орын, футбол ойынынан III орын алды. Аудандық сайыстардан бөлек облыстық, республикалық деңгейде де жетістіктеріміз бар. Мектебімізде өз ісін жақсы меңгерген білікті мамандар мен тәжірибелі ұстаздардың барына қуанамыз. Біздің оқушылар спорттық сайыстардан жүлдесіз қайтыптыны сезімінші айғағы. Алдағы оқу жылында да қоржынымыз жүлделі орындарға толарына сенеміз. Шәкірттеріміз биіктен көрініп, еңбек ақталып жатса, ұстаз үшін одан асқан бақыт жоқ.

Дені сау ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз. Мектеп қабырғасында оқушылар тек дене шынықтырумен ғана айналыспайды. Олар осы баспалдақ арқылы үлкен спортқа деген қызығушылығын қалыптастырады. Ал, біз өз тұлқтеріміздің жоғары жетістіктерін оқушыларға айтудан аянбаймыз.

**Руфина БЕКЕТҚЫЗЫ, Н.Алдабергенов атындағы орта мектебінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**



# EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ НОТАРИАЛДЫ КУӘЛАНДЫРЫЛҒАН КЕЛІСІМНІ РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ



**Енді ерлі-зайыптылардың нотариалды куәландырылған келісін еGov mobile қосымшасында онлайн түрде ресімдеуге болады. ҚР Әділет министрлігінің, республикалық нотариаттық палатаның және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелері арасындағы интеграция азаматтарға нотариусқа бармай ақ нотариат куәландырылған құжаттарды бірнеше минут ішінде куәландыруға мүмкіндік береді.**

ЕGov мобильді қосымшасының «eNotary» қызметінде ерлі-зайыптылардың келісін талап ететін құжаттарды ресімдеудің қосымша опциясы пайда болды. Келісім онлайн режимінде биометриялық тексеруден өту арқылы жасалады, содан кейін нотариус клиенттің деректерін тексереді, одан кейін келісімді растағаннан

кейін нотариалды куәландырылған құжат жасалады.

«Өздеріңіз білетіндей, ағымдағы жылдың сәуір айында eGov mobile мобильді қосымшасында «eNotary» қызметі іске қосылды және бүгінде ол қазақстандықтар арасында танымал. Азаматтардың осы қызметті пайдалана отырып, әлемнің кез келген нүктесінен қажетті құжатты куәландыруға мүмкіндігі бар. Бұл қызмет ыңғайлы, өйткені құжаттарды ресімдеу үшін нотариусты іздеп, оған барудың қажеті жоқ. Енді ерлі-зайыптылардың келісін бірнеше минут ішінде онлайн режимінде алуға болады», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Ерлі-зайыптылардың келісін алу үшін:

- eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өту;
  - басты бетте «eNotary» қызметін ашу;
  - тізімнен әрекет түрін таңдау - «келісім»;
  - өтініш формасын толтыру және биометриялық тексеруден өту;
  - бейнеқоңырау арқылы жұбайының келісін алу;
  - нотариалдық қызметке ақы төлеу қажет.
- Бейнеқоңырау аяқталғаннан кейін пайдаланушы «Нотариаттық іс-әрекеттер» бөлімінде өтінімінің мәртебесін көре алады. EGov Mobile қосымшасының «Цифрлық құжаттар» бөліміндегі QR коды сканерлеу арқылы бейнекамераның көмегімен ресми куәландырылған сенімхаттың түпнұсқалығын тексеруге болады.

Жаңа сенімхат «Цифрлық құжаттар» сервисінде қолжетімді болады және оны талап ету орны бойынша ұсынуға болады.

**«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы**

# СІБІР ЖАРАСЫ АУРУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН АЛДЫҢ АЛУ ШАРАЛАРЫ



**Сібір жарасы (түйнеме) – зооноз тобындағы жедел жұқпалы ауру. Ол дене қызуының көтерілуімен, лимфа жүйесінің зақымдалуымен және ағзаның ауыр түрде улануымен сипатталады. Сібір жарасы терілік, өте сирек ішектік, өкпелік және сепсистік формада өтуі мүмкін.**

Аурудың қоздырушысы – таяқша пішінді, қозғалмайтын аэробты бактерия. Бұл бактериялар адам мен жануарлардың ағзасынан тыс жерлерде споралар түзуге қабілетті және олар физикалық-химиялық әсерлерге өте төзімділік танытып, қоршаған ортада ондаған жылдарға дейін сақталады.

Сібір жарасын адамға жұқтырушы көз – үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбінесе жанасу арқылы (малды сою кезінде терісін түсіруде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын ішп-жеуде және ластанған топырақты егістікте қолдануда жұғуы мүмкін. Ал ауру адамнан адамға жұқпайды.

Сібір жарасының белгілері мен аурудың ағымы. Ауру көбінесе тері жамылғысын зақымдайды, сирек түрде ішкі мүшелерді де зақымдауы мүмкін. Инкубация кезеңінің ұзақтығы терілік формада бірнеше сағаттан 14 күнге дейін, сепсистік формада 6-8 күн. Дененің ашық жерлері зақымдалады.

Қоздырғыш енген жерде алдыменен диаметрі 1-2 см, қызыл-көкшіл түсті, ауырмайтын дақ пайда болады. Сол жер қышиды, ашиды. Бірнеше сағаттан кейін дақтың орнында мыстың түсіндей папула пайда болады. 12-24 сағаттан кейін іші серозды, соңынан қанды сұйықтыққа толы

везикулаға айналады. Осы везикула жарылғаннан кейін, жиектері көтеріңкі, түбі қоңыр түсті жараға айналады. Осы кезден бастап оны карбункул деп атаймыз. Жараның айналасы қызырып, ісіп тұрады. 1-2 аптадан кейін карбункулдың ортасы қарайған тығыз, ауыр-майтын некротозды қабыршаққа айналады. Осы қабыршақ айналасындағы қызарған терінің ортасындағы қара дақ, өкпелік және сепсистік формада өтуі мүмкін.

Сібір жарасының алдын алу шарасы – жыл сайын ауруға қарсы егу жүргізу. Ауруға қарсы вакцинанан егу үй жануарлар мен ет комбинаттарында, мал шаруашылығында тұрақты жұмыс істейтіндерге, тері-жүн өңдеуге, тасымалдауға, сақтауға, сұрыптауға, илеуге қатысатын адамдарға егіледі. Адам ағзасында Сібір жарасына төтеп бере алу қасиеті егуден кейінгі 12-14 күнде пайда болады да, 12 айға жуық сақталады. Егілген тұлғалар жұмысқа 2 аптадан соң ғана жіберіледі және жыл сайын екпе алыны отырулары қажет. Екпе жүргізу ең тиімді әдіс болмағандықтан, жануарлардың барлығын қамтуға тырысқан жөн.

2023 жылдық жоспарға сай Ескелді ауданы бойынша 47300 - бас МІҚ, 169500 - бас ҰММ, 14600 - бас Жылқы, 1100 - Шошқа, 40 – бас Түйе малын сібір жарасына қарсы екпе жұмыстарын «Жетісу облысының ветеринария басқармасы» ММ-нің «Ветеринариялық пункттері бар Ескелді ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК-ның ветеринарлық дәрігерлері жүргізуде.

Екпе жүргізу ең тиімді әдіс болғандықтан, жануарлардың барлығын қамтуға тырысқан жөн. Үй жануарларының иелері малдарды екпеге қатыстырмау – дерттің кең етек жайуына себепші болып, мұның салдарынан адамдар Сібір жарасына шалдығатынын естерінен шығармаса игі болар еді. Сібір жарасына қарсы вакцина егілгеннен кейін 10 күн ішінде жануар өліп қалса, оның терісін сыдыруға болмайды.

Ауру қоздырғыштары ағздан тыс жерде тек ауаның әсерінен пайда болатынын ескере отырып, өлген жануардың терісін кесуге болмайды және өлексені аң-құстардың тасуына жол берілмеу керек. Себебі, мұның салдарынан жаңа ошақтар пайда болуы мүмкін. Өлген малды терісімен бірге өртеу немесе қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып арнайы орындар – мал кеметін жерлерге өртеу үшін апару қажет. Ауру мал жатқан немесе сойылған орынға басқа жануарларды жіберуге және адамдардың сол жерде жұмыс істеуіне тыйым салынады.

**Мәлдір УАЛИХАНҚЫЗЫ**  
**Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы**

# ВРАЧИ НАПОМИНАЮТ О ВАЖНОСТИ ЕЖЕГОДНЫХ СКРИНИНГОВЫХ ОСМОТРОВ



**Скрининг — это профилактический медицинский осмотр граждан определенного возраста для выявления факторов риска и заболеваний на ранних стадиях. Данные обследования помогают выявить заболевание на ранней стадии или предрасположенность к нему, подобрать оптимальное лечение и назначить комплекс профилактических мер. Скрининги проводятся бесплатно.**

Финансирование профилактических осмотров осуществляется за счет средств ОСМС, поэтому для прохождения скрининга необходимо иметь статус застрахованности. А после определения статуса нужно обратиться в скрининговый кабинет поликлиники с документом, удостоверяющим личность. Отметим, скрининговые осмотры взрослого населения направлены на раннее выявление и предупреждение основных болезней системы кровообращения – артериальной гипертонии, ишемической болезни

сохранили качество жизни благодаря выявлению заболеваний на ранних стадиях. Призываем всех следить за здоровьем и не пропускать ежегодные скрининговые обследования», - говорит заместитель директора Талдыкорганской городской поликлиники Айна Тлеуканова. Скрининговые исследования также доступны для сельских жителей. На профосмотры сельского населения подлежат мужчины и женщины в возрасте от 50 до 70 лет, подлежащие скрининговому исследованию на раннее выявление органов дыхания 1 раз в год, мужчины и женщины в возрасте от 18 до 29 лет, подлежащие скрининговому исследованию на раннее выявление глаукомы, сахарного диабета, артериальной гипертензии органов дыхания 1 раз в год, мужчины и женщины в возрасте от 55 до 70 лет, подлежащие скрининговому исследованию на раннее выявление рака предстательной железы 1 раз в год, мужчины и женщины в возрасте от 18 до 70 лет, подлежащие скрининговому исследованию на раннее выявление заболеваний желудочно-кишечного тракта и почек 1 раз в год. «Я живу в сельском округе Отенай города Талдыкорган. Ежегодно меня врач приглашает на профилактические осмотры. Я могу забыть, но врачи, медсестра звонят и напоминают. Сегодня я пришла на скрининг, по некоторым результатам анализов доктор направила меня к узким специалистам. Назначили мне лечение в дневном стационаре в нашей сельской амбулатории. Очень довольна работой врача по скринингу Аины Тлеукановой», - поделилась 70 летняя жительница сельского округа.

**Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»**

# ШЕТЕЛДЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ҰЙЫМДАРМЕН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ



**Мемлекеттік кірістер органдарына есептілік беру туралы талап енгізілді.**


Осы норманы іске асыру мақсатында Қаржы министрлігі тәжірибелі мамандарды бекітіп, тізілімде шетелдік көздерден ақша немесе өзге де мүлік алған тұлғалардың атауы мен сәйкестендіру нөмірлерін (БСН/ЖСН) көрсетуде (20.02.2018 ж. №240 бұйрық).

Салық кодексінің 30-бабына сәйкес салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер және оның атауы салық құпиясы болып табылмайды. Тізілімге енгізілген тұлғалардың толық тізімін <https://kgd.gov.kz/ru/content/reestr-lic-poluchayushchih-dengi-i-ili-inoe-imushchestvo-ot-inostrannyh-gosudarstv-batymasy> батырмасы арқылы қарауға болады. Атап өтсек, 2022 жылғы 20 ақпанында Салық кодексіне шетелден қаржы алған тұлғалардың тізілімін жариялауды көздейтін тиісті заңнамаларға түзетулер енгізілген болатын. Бұл шара азаматтардың заңды тұлғалар мен үкіметтік емес ұйымдарға сенім деңгейін арттыруға бағытталған.

2023 жылдың 20-шы қыркүйек айында ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 29-бабының 3-тармағын негізге ала отырып «Шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлікті алушылардың тізілімін» езінің интернет-ресурсында жариялады. Аталмыш тізімде ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша 240 еліміздегі түрлі бағыттағы үкіметтік емес ұйымдар, жеке тұлғалар, коммерциялық компаниялар және басқа жергілікті ұйымдар көрсетілген. Жалпы 2018 жылдан бастап Салық кодексінде шет мемлекеттерден, шетелдіктерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан ақша немесе өзге де мүлік алған адамдар үшін



# ВЛАДИМИР КРАЙСМАН О СИСТЕМЕ МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ: ПУТЬ К ДОСТУПНОЙ МЕДПОМОЩИ



медицинские организации к улучшению качества оказываемых услуг. Они конкурируют друг с другом, чтобы привлечь больше пациентов, что способствует повышению стандартов медицинской помощи. Третий и очень важный момент — это увеличение заработной платы медицинских работников. ОСМС увеличивает финансирование здравоохранения, что позволяет значительно увеличить заработную плату

консультации и диагностику бесплатно при статусе «Застрахован», что способствует раннему выявлению заболеваний и дальнейшему лечению.

— На сегодняшний день в нашем центре оказывают консультативно-диагностический прием по 27 специальностям, включая педиатрическую группу. Пациенты очень признательны, ведь сейчас у них есть право выбора не только поликлиники, но даже врача. Говоря об эффективности системы, нельзя не отметить о доступности высококачественной медицинской помощи, это является одним из главных показателей заботы о здоровье граждан. Одним из ярких примеров отделения нефрологии нашей клиники. Когда у пациента возникают серьезные проблемы с функцией почек и требуется гемодиализ, это становится вопросом спасения жизни. На своем опыте я встречал пациентов, с необходимостью проведения гемодиализа, которые были вынуждены продавать свои дома и переезжать в город Алматы, где была доступна эта важная медицинская процедура. И это был единственный способ сохранить их жизни, так как в нашей области не было возможности получить гемодиализ. А на сегодняшний день, средства ОСМС покрывают расходы на гемодиализ, и пациенты могут получить эту неотложную медицинскую помощь, не вынуждаясь менять свое место жительства. Это огромное достижение для казахстанской медицины, учитывая, что гемодиализ — это дорогостоящая процедура. Так в нашей клинике был создан современный диализный центр в рамках казахско-германского проекта. В этом центре сейчас функционируют 15 аппаратов. Отмечаем, что благодаря ОСМС, пациенты получают доступ к гемодиализу без препятствий. Это означает, что финансовые вопросы больше не являются барьером на пути к спасению жизни. ОСМС дает возможность каждому нуждающемуся получить качественную медицинскую помощь, — резюмировал он.

медицинских работников. Это влияет на их мотивацию и повышает квалификацию, что в свою очередь улучшает качество медицинских услуг. Обеспечение медицинских работников достойной заработной платой и непрерывным образованием является ключевым аспектом успешного функционирования системы медицинского страхования. Медицинские работники должны быть мотивированы и высококвалифицированными, чтобы обеспечить высокий уровень медицинской помощи, — говорит Владимир Крайсман.

Он также подчеркнул возможность приобретения современного оборудования и улучшения материально-технической базы за счет дополнительных средств:

— Обеспечение медицинских учреждений современным и необходимым оборудованием является приоритетным направлением, так как это позволяет улучшить точность диагностики и эффективность лечения. Здесь важно отметить, чтобы все было строго по профилю. Иногда стоит вопрос приобретения дорогостоящей техники, но надо проанализировать настолько это необходимо. Мы обращаем большое внимание на обоснование на приобретение той или иной техники для клиники.


Владимир Крайсман на опыте медицинского центра «Нур Авиценум» рассказал о доступности медслужбы населению. Так с внедрением системы ОСМС, в клинике объем консультативно-диагностической помощи значительно увеличился. Пациенты получают кон-

**Основатель первого частного медучреждения в Казахстане Владимир Крайсман в эксклюзивном интервью рассказал об успешных управленческих решениях применяемых в медцентре «Нур Авиценум» и эффективности работы системы медстрахования.**

По словам эксперта, внедрение системы обязательного медицинского страхования представляет собой важный шаг в развитии здравоохранения и обеспечении доступности медицинской помощи населению. Эта система, взявшая свое начало из передовых медицинских практик многих стран, приносит значительные выгоды и улучшения в системе здравоохранения. Однако важно отметить, что рациональное распределение средств в системе ОСМС играет основную роль. Решение, на что направить финансирование, должно основываться на обоснованных потребностях региона и на заботе о пациентах.

Система обязательного медицинского страхования доказала свою эффективность во многих аспектах: Первое это увеличение консультативно — диагностической помощи. Система ОСМС дает возможность гарантировать доступность медицинской помощи для всех граждан. Это означает, что даже люди с низким уровнем дохода могут получать качественное медицинское обслуживание, не переживая финансовых трудностей. Второе. Стимулирование медицинских организаций. Внедрение системы стимулировало

# СНИЗИТЬ РИСК ПОРОЖЕНИЯ ЭЛЕКТРИЧЕСКИМ ТОКОМ



**Снизить риск поражения электрическим током можно при соблюдении правил обеспечения электрической безопасности. Перед применением бытовых электрических приборов следует убедиться в их исправности. При обнаружении повреждений изоляции, трещин и других погрешностей корпуса электрического устройства его использование недопустимо.**

Чрезвычайно опасно включать в электросеть мокрые или влажные электрические приборы. Опасно включать освещение в темноте на ощупь. Нередко в подвезде дома электрический выключатель оказывается разбитым и при включении его случайно можно коснуться электрических контактов. Прежде чем снять заднюю стенку с любого электроприбора, нужно убедиться, что именно его сетевая вилка находится в руках, а не в розетке. В целях безопасности при работе с электрическими приборами желательно надеть сухую обувь. Ни в коем случае нельзя пользоваться электрическими приборами, находясь в воде, например, в ванне. Электрический провод в воде смертельно опасен. Даже для ремонта розетки следует воспользоваться услугами мастера-профессионала. Лучше распрощаться деньгами, чем собственной жизнью. Смертельно опасно тушить водой горящие электрические приборы, находящиеся под напряжением, пред-

варительно их не обесточив. Если в доме есть маленькие дети, следует закрыть все электрические розетки защитными колпаками.

Нельзя!  
— Вбивать гвозди в стену в месте, где может располагаться скрытая электрическая проводка. \* Сверлить стены в местах возможной электропроводки, не зная монтажной схемы

— Красить, белить, мыть стены с наружной или скрытой проводкой, находящейся под напряжением.

— При работе с включенными электроприборами касаться батарей и водопроводных труб.

— Смертельный исход при поражении электрическим током во многом зависит от стечения обстоятельств, но практически в каждом случае нужно стараться спасти пораженного, оказывая ему грамотную первую медицинскую помощь. Обеспечить свою безопасность. По возможности отключить источник тока. При подходе к пострадавшему по земле идти мелкими шагами. Сбросить с пострадавшего провод сухим, не проводящим ток, предметом (палка, пластик). Оттащить пострадавшего за одежду не менее чем на 10 метров от места касания проводом земли или от оборудования, находящегося под напряжением. Данные рекомендации относятся к ситуации, если пострадавший попал под действие электрического тока бытового напряжения. Определить наличие самостоятельного дыхания. При отсутствии признаков жизни приступай к сердечно-легочной реанимации. Вызови (самостоятельно или с помощью окружающих) скорую медицинскую помощь. Проводи сердечно-легочную реанимацию до восстановления самостоятельного дыхания или до прибытия медицинского персонала. После восстановления дыхания (или если дыхания было сохранено) придай пострадавшему устойчивое боковое положение. Обеспечь постоянный контроль за дыханием до прибытия скорой медицинской помощи.

# ЭЛЕКТР ТОГЫНЫҢ СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТЫҢЫЗ



**Қауіпті!**  
— Жабылған электр сымдары болуы мүмкін қабырғаға қолыңызды жақындатпаңыз..

— Қабырғаларды электр схемасын білместен мүмкін болатын электр сымдарының бұрғыламаңыз.

— Қабырғаларды қуаттандыратын сыртқы немесе жасырын өткізгіштермен бояйды, әктейді, жуады.

— Қосылған электр құрылғыларымен жұмыс жасағанда, батареялар мен су құбырларын ұстамаңыз.

Электр тогының қауіпін электр қауіпсіздігі ережелерін сақтау арқылы азайтуға болады. Тұрмыстық электр құрылғыларын қолданар алдында олардың дұрыс жұмыс жасайтындығына көз жеткізу керек. Егер оқшаулаудың бұзылуы, электр құрылғысының корпусының жарықтары және басқа қателіктері анықталса, оны қолдануға жол берілмейді. Ылғал немесе дымқыл электр құрылғыларын желіге қосу өте қауіпті. Қараңғыда жарықтандыруды жанасу арқылы қосу қауіпті. Көбіне үйдің кіреберісінде электр ажыратқышы бұзылады және оны қосқан кезде электр контактілеріне кездейсоқ тиюге болады. Артқы панельді кез-келген электр құрылғысынан шығармас бұрын, оның розеткада емес, сіздің қолыңызда екеніне көз жеткізуіңіз керек. Қауіпсіздік мақсатында электр құрылғыларымен жұмыс жасағанда құрғақ аяқ киім киіңіз. Ешбір жағдайда ванна сияқты электр аспаптарын суда қолданбаңыз. Судағы электр сым өлімге әкеледі. Розетканы жөндеу үшін сіз кәсіби шебердің қызметтерін пайдалануыңыз керек. Өз өміріңізден зор ақшамен төлеген жақсы. Егер үйде кішкентай балалар болса, барлық электр розеткаларын қорғаныс қақпақтарымен жабыңыз.

Электр тогының соғуының нәтижесі көбінесе жағдайлардың сәйкес келуіне байланысты, бірақ кез-келген жағдайда зардап шеккен адамды сауатты алғашқы көмек көрсету арқылы құтқаруға тырысу керек. 1. Өзіңіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етіңіз. Мүмкіндігінше қуат көзін ажыратыңыз. Зардап шегушіге жерге жақындағанда, кішкене қадамдармен жүріңіз. Зардап шегушіден сымды құрғақ, өткізбейтін затпен (таяқша, пластик) сияқты затпен алып тастаңыз. Зардап шегушіні сым жерге тиген жерден немесе ток жүретін жабдықтан 10 метрден кем емес жерде киіммен тартып алыңыз. Бұл ұсыныстар барынша тиімді түрде электр тогына ұшыраған жағдайға қатысты. 3. Өздігінен тыныс алудың болуын анықтаңыз. Тыныс белгілері болмаса, жүрек-өкпе реанимациясына көшіңіз. Жедел жәрдем шақырыңыз (өз күшіңізбен немесе басқаларың көмегімен). Өздігінен тыныс алғанға дейін немесе медициналық персонал келгенге дейін жүрек-өкпе реанимациясын жасаңыз Тыныс алуды қалпына келтіргеннен кейін (немесе тыныс алу сақталған болса) жәбірленушіге тұрақты бүйірлік жағдай беріңіз. Жедел жәрдем келгенге дейін тыныс алудың тұрақты бақылауын қамтамасыз етіңіз!

# ТҰРМЫСТА ЭЛЕКТР АСПАПТАРЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



— нашар байланыс салдарынан қызып кету;

— Электр қондырғыларын қайта тиеу;

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаменті электр құралдарын пайдалану кезінде келесілерді білу қажет екендігін хабарлайды:

— үйде немесе пәтерде электр сымдары ескі ескі, ал розеткалар ақаулы болса, жөндеу үшін білікті электрші шақырыңыз;

— аспаптарда немесе сымдарда электр тогының бар болуын саусақпен тексеруге болмайды. Оқшаулауды зақымдамау үшін және қысқа тұйықталудан (жалынның жарқылынан) болмауы үшін сымдарды есіктермен, терезе жақтауларымен жабуға, сымдарды шегемен бекітуге болмайды. Электр сымдары жылыту батареяларымен, су құбыры құбырларымен, телефон және радиотрансляциялық сымдармен жанаспауын қадағалау керек.

— бір розеткаға екіден артық электр аспаптарын қоспаңыз; ең жоғары рұқсат етілген жүктемеден асып кетуінен электр сымдарының авариялық жұмыс режимі туындауы мүмкін, соның нәтижесінде «қысқа тұйықталу» туындауы мүмкін және өрт салдарынан;

— үйден бірнеше минутқа кетсеңіз де барлық электр құралдарын розеткадан сөндіріңіз.

— Электр құралдары қосылған бөлмеде балаларды ешқашан жалғыз қалдырмаңыз;

— балаларға розеткалардың жанында ойнауға, оларға түйреуіштер, түйреуіштер, сымдарды бұрғау мүмкіндік беруге болмайды, себебі бұл токпен зақымдануы мүмкін;

Егер өрт болса: — бірден 101 немесе 112 телефондарына қоңырау шалыңыз (Ұялы телефоннан);

— жанып жатқан бөлмеден тезірек кетуге тырысыңыз, кішкентай балалар мен қарт адамдарға қауіпті аймақтан шығуға көмектесіңіз;

— жанып жатқан үй-жайдан қашып, есік пен терезені міндетті түрде жабыңыз, айтпесе таза ауа ағынынан өрт тез арада шығады;

— өрттегі түтін оттан қауіпті, егер үй-жайға қатты түтіндесе, мұрын мен ауызды дымқыл шүберекпен жаба отырып, төрттен шығатын жерге қарай жылжыңыз;

— егер сізде өртке қарсы қызметті шақыруға мүмкіндік болмаса, еденге, қабырғаға қысып, көршілерді қатты көмекке шақырыңыз, еденге жатқанша есіктерге немесе терезеге дейін жүгіріп шығуға тырысыңыз — онда таза ауа көп болады, үрейленбеңіз, тыныштықты сақтап, көмек күтіңіз.

Қ. ӘШІМОВ,  
Ескелді ауданы ТЖБ инженері

**Біз барлығымыз электр жүйесі өсімдіктер мен күн сияқты қажеттілік болған кезде өмір сүреміз. Айнала қараңыз, бізді электр жүйесі қоршап алғандай, қай жерде болмасын жұмыста, үйде, көшеде. Олар барлық жерде. Біздің өмірімізді осы заттарсыз елестету қиын, біз ауа, су және тамақ сияқты электр энергиясына тәуелді бола бастадық, өйткені жайлылыққа өте үйрендік.**  
Электр қондырғыларын пайдалану кезінде туындайтын өрттерді талдау олардың жиі кездесетін себептері болып табылатындығын көрсетеді:  
— сымдардағы және электр жабдықтарындағы қысқа тұйықталу;  
— электр жылыту қондырғыларын қараусыз қалдыру;



# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ – ҰЛТ МЕРЕЙІ



ұлағатты ұстаз. Ұстаз деген ұлы мамандықтың туын жықпаған, 37 жылдан астам еңбек өтілін мектеп қабырғасында өткізген, ұстаздардың ұстазы – Есдаулетов Қуат Райқұлұлы.

Қуат Райқұлұлы 1964 жылы 8 сәуірде, Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы, Тельман ауылында дүниеге келген.

Гурьев педагогикалық институтының 1985 жылы аяқтап, өз туған мектебіне оралып, осы күнге дейін өз мектебінде еңбек етіп келді. Физика пәні мұғалімі ретінде еңбек жолын бастаған жас ұстаз өз шығармашылығымен, еңбекқорлығымен 1989 жылдан бастап мектеп директоры лауазымына тағайындалды. Еңбек жолының 34 жылын, жұмысды басқарып келді.

Қуат Райқұлұлы өз ісіне шығармашылықпен қарап, сабақ өту әдісін жетілдіруде тынбай еңбек еткен жан еді. Ол адал еңбегімен, ынта жігерімен, ізденімпаздылығымен, шәкірттерге танылған, көпшілікке үлгі етер ұстаз. Мектепшілік үлестеріне қоса, Қуат Райқұлұлы «Елінің елеулісі, халқының қалаулы» азаматы деп айтсақ артық болмас. Оған себеп, Қуат Райқұлұлы Ескелді ауданы бойынша мәслихат депутаты ретінде Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасуына, әлеуметтік – экономикалық өсіп – өркендеуіне өз үлесін қосып, бар күш жігерін, білімін, көп жылдық тәжірибесін халық мүддесіне жұмсап келді.

«Басқару-адамтану, адамның күрделі және қызықты, рухани жан дүниесіне үніле білу. Басқарушылық

шеберлік пен басқарушылық өнер-даналықты жүрекпен ұға білу» деп ұлы В.Сухамлинский айтқандай

Қуат Райқұлұлы әріптестерінің жан дүниелеріне үніле білген, жанашыр, сонымен қатар шебер басқарушы, мықты басшы болып келді.

«ҚР Білім беру ісінің үздігі», Қазақстан Республикасын мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін «Шапағат» медалі, Ескелді ауданының «Құрметті Азаматы» атағын иеленген. «Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары және облыстық білім саласының дамуына қосқан үлесі үшін» талай «Құрмет грамотасымен», «Алғыс Хаттармен» марапатталған.

Ата-аналар, әріптестері, оқушылары Қуат Райқұлұлының жылдар бойы сіңірген еңбегін, мектебін, ауылым деп соққан жүрегін, адал еңбегін ешқашан ұмытпайды. Ауыл тарихына алтын әріппен жазылып, мәңгіге есімізде сақталып қалатынына сенімім мол, өйткені үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген, білімді Ұстаз, басшы, әріптес, ауылдас ағамыздың салып кеткен үлкен, сара жолы талай жастарымыз үшін үлгі болмақ.

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан, Сырлары мол өлі сыртқа шашпаған, Шаршаса да осы жолдың бойында, Қандай жақсы шын бақытын тапса адам...

**Ж.ЖАНТАЛИЕВА,**  
**«Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебі» КММ әдіскері**

# ҚҰРМЕТТІ ҚАРИЯЛАР!



*Өрге қарай домаласа тасың да,  
Талай дәурен өтті-ау сол бір жасыңда.  
Бұдан артық бақыт бар ма, қартым-ау,  
Немерең мен шөберең жүр қасыңда.*

*Жастарыңа ақыл айтсаң ұнай-ма?  
Әлде мүмкін сөзге сынай-ма?  
Тәңір берген ғұмырыңды жасай бер,  
Қартайдым деп қайғырма-да, мұңайма?!  
Қырау шалған сақалменен шашыңды,  
Тау мен тасқа ұрдың басыңды.  
Мұңға батып, мұңымашы, қариям,  
Жасадым деп тәңір берген жасымды.*

*Қымбатты, аға ұрпақ ардагерлеріміз, сіздердің толайым еңбектеріңіздің, бай тәжірибелеріңіздің, дарқан даналақтарыңыздың алдында басымызды иеміз. Сіздерге, сіздердің отбасыларыңыз бен жақын туыстарыңызға зор денсаулық, берекелі ұзақ ғұмыр тілейміз, айналаңыздағы жаны жомарт жандардың ықылас-ниетіне бөленіп әрқашан арамызда жүре беріңіздер!*

Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі құтты болсын.

**Б.К.БОРАНБАЕВ,**  
Ескелді аудандық ардагерлер ұйымының төреғасы

# КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ



**әлеуметтік бағдарлама бөлімінің еңбек ардагері, Тлеуберген Мұқаметқали Баймұратұлы 75 жасқа қармаған шағында дүниеден озды.**

Тлеуберген Мұқаметқали Баймұратұлы 1949 жылдың 6 маусымында дүниеге келген. Жаркент қаласындағы Ұ.Алтынсарин атындағы орта мектебінің бірінші сыныбына барып, 1969 жылы аталған мектепті үздік аяқтады. Мектептен кейін екі жыл Кеңес Армиясы қатарында болып, әскери борышын атқарып келді.

1974 жылы отбасын құрып, еңбек жолын Гвардия аудандық қаржы бөлімінде бастады. Еңбек ете жүріп Алматы қаласындағы Халық шаруашылық институтында экономист мамандығы бойынша сырттай оқып

аяқтады, 1988 жылға дейін Гвардия ауданының қаржы бөлімінде басшылық қызмет атқарып, сол

жылы Талдықорған аудандық, қазіргі уақытта Ескелді ауданының қаржы бөліміне басшылық қызметке ауысып келді. 1999 жылдан Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімінің басшысы қызметіне ауысып, осы аталған мекемеде зейнеткерлікке шыққанға дейін қызмет атқарды. Ұзақ жылдар мемлекеттік қызметтер атқара жүріп көптеген мақтаулар мен марапаттардың, Қазақстан Республикасының мерейлі мерекелеріне орай алған төсбелгілердің иегері болды, Тлеуберген Мұқаметқали Баймұратұлы Ескелді ауданының құрметті азаматы, бірнеше мәрте аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды. Ақсақал көп жылдар аудан абыройы үшін адал еңбек етіп, өз қызметін жауапкершілікпен атқарды.

Тлеуберген Мұқаметқали Баймұратұлы екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларыда өке жолын жалғастырып мемлекеттік қызметтер істейді.

Ескелді ауданы әкімдігі, аудандық мәслихат, ардагерлер ұйымы және бірге қызмет еткен ұжымы мезгілсіз өмірден өткен Тлеуберген Мұқаметқали Баймұратұлының отбасына қайғырып көңіл айтады.

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Сіздерді қарттар күні, мейірім мен ізгілік мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Қазақ халқының ұлттық менталитетінің жарқын белгісі қашанда үлкенге – құрмет, кішіге ізет көрсету десек, бұл игі дәстүр әрдайым жалғасын таба берсін.

Қымбатты аға – ұрпақ қариялар! Сіздердің толайым еңбектеріңіздің, бай тәжірибелеріңіздің, дарқан даналақтарыңыздың алдында басымызды иеміз. Сіздерге зор денсаулық, берекелі ұзақ ғұмыр тілейміз, айналаңыздағы жаны жомарт жандардың ықылас – ниетіне бөленіп әрқашан арамызда жүре беріңіздер!!!

**А.БЕЙСБАЕВ**  
Бөлім басшысы

1 октября ежегодно отмечается международный день Пожилых людей. Поздравляю с этим праздником всех людей преклонного возраста и желаю всем не терять бодрости духа, добра вам и человеческого тепла. Прожить еще много – много лет со здоровьем с оценкой на пять!

У этого праздника есть свой логотип – это раскрытая ладонь – символ доброты и помощи. Нам одиноким людям и инвалидам помогают наши помощницы Ескедьдинского районного отдела занятости и социальных программ который возглавляет Бейсбаев А.К. выражаю искреннюю благодарность всем социальным работникам отдела во главе с заведующей Далабаевой Г.О и желаю всем крепкого здоровья и успехов в вашем нелегком труде. Отдельное спасибо и благодарность Касабековой Жанар которая меня обслуживает несколько лет. С праздником Всех!!! Мирного неба над головой!!!

**В.ЕРГАЛИЕВА,**  
От услугополучателя

**“ЖЕТИСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”**

SHOP NOW

-ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ  
-ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ  
-SPORT /ГИМНАСТИКА  
-ШАХМАТ/ШАШКИ

@araibilim.karabulak

**Меншік иесі:**  
**«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**  
директор - бас редактор  
**Инкар Ерболқызы**  
**НҰРСҰЛТАНОВА.**  
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**  
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 977 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ